61. Конкурсқа қатысуға берілген өтінім конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушінің тиісті хабарламасын веб-порталмен автоматты түрде жіберу сәтінде қабылданған болып есептеледі.

62. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға бір ғана өтінім беруге құқылы.

63. Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға берген өтінімі мынадай жағдайларда веб-порталдан автоматты түрде жойылады:

1) әлеуетті өнім беруші бұдан бұрын осы конкурсқа қатысуға өтінім берген болса;

2) конкурсқа қатысуға берілген өтінім осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін түскен болса;

3) Заңның 6-бабы 1-тармағының 3) 3-1) 3-2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда веб-порталдың автоматты түрде бас тартуына жатады.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік отыз бес күн болуы тиіс.

64. Әлеуетті өнім берушілер берген конкурсқа қатысу өтінімдері веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

65. Әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде өзі енгізген конкурсқа қатысу өтінімін қамтамасыз етуді қайтаруға құқықтарын жоғалтпастан, конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін өзгертеді немесе кері қайтарып алады.

66. Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

## Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету

67. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші Заңның 23-1-бабына сәйкес енгізеді.

Конкурста бірнеше лот бойынша қатысу жағдайында әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әрбір лот бойынша жеке-жеке ұсынуға құқылы.

68. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді банк кепілдігі түрінде қағаз тасуышта енгізген жағдайда, оның түпнұсқасы ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға конкурсқа қатысуға өтінім ұсынудың соңғы мерзіміне дейін конкурстық құжаттаманың электрондық нысанының 6-қосымшасына сәйкес беріледі.

69. Егер әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушының банктік шотына не мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер болып табылатын ұйымдастырушылар, бірыңғай ұйымдастырушы үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдендірілген ақшалай жарна түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізген жағдайда, ол кепілдендірілген ақшалай жарнаны растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі түрінде беріледі. Бұл ретте, кепілдендірілген ақшалай жарна конкурстық құжаттамада көрсетілген банктік шотқа конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы күні мен мерзіміне дейін енгізілуі тиіс.

70. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуды қамтамасыз етуді енгізген жағдайда осы Қағидалардың 68-тармағына сәйкес ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға осындай қамтамасыз етуді алған фактіні банктік кепілдіктерді тіркеу журналына тіркейді.

Ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы банктік кепілдіктерді тіркеу журналында мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың атауы мен өткізілетін мерзімі;

2) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің тегі, аты-жөні;

3) банктік кепілдікті тіркеу күні мен уақыты.

Банктік кепілдіктерді тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді және конкурстық комиссияның хатшысы әрбір бетіне бұрыштама қояды. Банктік кепілдіктерді тіркеу журналының соңғы беті ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының мөрімен бекітіледі.

Бір қаржы жылы ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді

конкурс тәсілімен барлық мемлекеттік сатып алу бойынша банктік кепілдіктерді тіркеудің бірыңғай журналын жүргізуге жол беріледі.

## Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу

### Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу

71. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуды хатшы веб-портал арқылы жүргізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуға қолжетімділікті веб-портал конкурстық құжаттамада ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы көрсеткен өтінімдерді берудің соңғы күні мен уақыты басталғаннан конкурстық комиссия хатшысына автоматты түрде береді.

72. Конкурсқа қатысуға өтінімдер осы Қағидаларға сәйкес ашылады және қаралады. Егер конкурсқа (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім конкурсқа (лотқа) берілген болса, онда мұндай өтінім де осы Қағидаларға сәйкес ашылады және қаралады.

73. Конкурсқа қатысу өтінімдерді ашу хаттамасын хатшы веб-порталда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ашылған күні жариялайды. Бұл ретте конурсқа қатысуға өтінім берген конкурстық комиссия мүшелеріне, әлеуетті өнім берушілерге веб-портал хабарламаларды автоматты түрде жібереді.

### Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурсқа қатысуға рұқсат беру

74. Конкурстық комиссия, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында, веб-порталды пайдалана отырып, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарайды және әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдайды (конкурсқа қатысушы деп таниды).

75. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссияның хатшысы, оларды тартқан жағдайда, сараптау комиссиясына не сарапшыға әлеуетті өнім берушілер ұсынатын жұмыстардың техникалық ерекшеліктерін олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында ұсынады, орнатылған тәртіпте бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы қамтыған техникалық ерекшелік орнына конкурстық құжаттама бар мемлекеттік сатып алуды өткізуді есептемегенде.

76. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап бір жұмыс күнінен

кешіктірмей конкурстық комиссияның хатшысы, оларды тартқан жағдайда, сараптау комиссиясына не сарапшыға әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, қызметтердің техникалық ерекшеліктерін үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) анықтау мақсатында ұсынады.

77. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарастыру нәтижелері бойынша мынадай:

1) осы Қағидалардың 78-тармағында көрсетілген жағдайда конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамалары ресімделеді.

78. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда ресімделеді.

79. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілердің тізбесі;

2) конкурсқа қатысуға өтінімді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендіру үшін веб-порталдың көмегімен әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендіруі және ұсынуы қажет құжаттардың тізбесі.

80. Конкурстық комиссияның әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешімі конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қабылданады және конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта бойынша автоматты түрде хабардар ете отырып осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні веб-порталда жариялайды.

81. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға веб-порталда конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

82. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір айтуға құқығы бар, ол конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға қоса беріледі және құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталда жарияланады.

Конкурстық комиссияның тиісті конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамада конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда конкурстық комиссияның хатшысы қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты веб-порталда жариялайды.

83. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына

сәйкес келген жағдайда ресімделмейді.

84. Осы Қағидалардың 58-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін, конкурстық комиссияның хатшысы веб-порталдың көмегімен біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау рәсіміне бастама жасайды.

85. Конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттаманың тізбесінде көзделген әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерін конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген құжаттар тізбесі бойынша олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендірудің толықтығы мәніне қайта қарайды;

2) конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген құжаттардың толық тізбесін бермеген және біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендірмеген әлеуетті өнім берушілерді айқындайды;

3) конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерден біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендірілген конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарастыруды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

4) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендірілген конкурсқа қатысу өтінімдерінде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратып алады.

Конкурстық комиссияның сұрауларына және конкурсқа қатысуға арналған өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға арналған өтінімде берілген құжаттарды ауыстыруға, ресімделген құжаттарды тиісінше түзету жолымен сәйкес келтіруге бағытталған конкурстық комиссияның іс-әрекеттері конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы Қағидалардың 58-тармағында көзделген біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендіру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру деп түсіндіріледі;

5) біліктілік және өзге конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және конкурсқа қатысушы деп таниды.

6) тауарлар, көрсетілетін қызметтер бойынша үздік техникалық ерекшелікті ( үздік техникалық ерекшеліктерді) анықтайды.

86. Конкурстық комиссияның біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қараған кезде мынадай әлеуетті өнім берушілерді өткізбеуге (конкурсқа қатысушылар деп танымауға) жол берілмейді:

конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында бар, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келмейтін әлеуетті өнім берушілер тізбесіне кірмегендер;

конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасының құжаттар тізбесінде жоқ, өтінімді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендіру үшін веб-портал арқылы құжаттар тапсырмағандар.

87. Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта ұсынудың соңғы күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама ресімделеді.

88. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға құжаттың электрондық көшірмесі нысанында үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) айқындау туралы сараптамалық қорытынды не жұмыстардың сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды, болған жағдайда, сараптау комиссиясы мүшесінің ерекше пікірі, қоса беріледі.

89. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға веб-порталда конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды және конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта бойынша автоматты түрде хабардар ете отырып осы Қағидаларға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні веб-порталда жариялайды.

Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір айтуға құқығы бар, ол конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қоса беріледі және құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталда жарияланады.

Конкурстық комиссияның тиісті конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда конкурстық комиссияның хатшысы қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты веб-порталда жариялайды.

90. Конкурстық комиссия мынадай:

1) банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді

қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болған;

2) конкурстық комиссияға:

конкурсқа қатысуға өтінімнің қамтамасыз етуін берген тұлғаны;

оған қатысу үшін банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алудың атауын;

банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін және (немесе) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасын, оны беру шартын;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету оның пайдасына енгізілетін тұлғаны анықтауға мүмкіндік бермейтін мәліметтердің болмауынан көрініс табатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісінше ресімделмеген;

3) конкурсқа (лотқа) бөлінген соманың кемінде бір пайызы мөлшерінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізген жағдайда енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Конкурстың барлық лоттарына өтінімдер толық берілмеген жағдайда, лоттардан тұратын конкурсқа бөлінген жалпы сомаға конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге жол беріледі.

91. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында енгізілген конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тану себебін көрсетеді.

Әлеуетті өнім беруші Заңда белгіленген мерзімдерде веб-порталдың көмегімен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестікке келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынады.

Конкурсқа (лотқа) бөлінген сомадан кем дегенде бір пайыз мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізген кезде, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомаларын конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестікке келтіру мақсатында Заңның 23-1-бабының 3-тармағында көзделген түрлердің бірінде конкурсқа қатысуға өтінімді қосымша қамтамасыз етуді енгізуге құқылы.

92. Заңды тұлға болып табылатын (конкурсқа қатысушы болып танылған) әлеуетті өнім беруші егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай:

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын

растайтын лицензиялардың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеу;

конкурс жарияланған күннен кейін берілген, белгіленген тәртіпте қол қойылған және мөрмен расталған бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзіндінің электрондық көшірмесін бермеуі;

әлеуетті өнім беруші өз қызметін Үлгілік жарғының негізінде жүзеге асыруын қоспағанда, мемлекеттік және (немесе) орыс тіл(дер)іне аудармасымен заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының не сауда-саттық тіркелімінен заңдастырылған үзінді көшірменің электрондық көшірмесін бермеу;

конкурсты жариялау күнінен кейін берілген конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер мен ипотекалық компанияларда бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес банк пен банк филиалының алдында анықтама беру күнінің алдында үш айдан астамға созылатын әлеуетті өнім беруші міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөр басылған анықтамасының электрондық көшірмесін бермеу ( егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осындай банктердің әрқайсысынан осындай анықтамаларды бермеу);

банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөр басылған анықтамасында осындай анықтаманы беру күнінің алдындағы үш айдан астам созылатын әлеуетті өнім берушінің міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің болуы;

тиісті салық органының салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) не конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу күнінің алдындағы кем дегенде бір ай бұрын берілген бір теңгеден кем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары , міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша берешегінің болуы туралы белгіленген нысандағы анықтамасының электрондық көшірмесін бермеу;

тиісті салық органының анықтамасында бір теңге және одан көп мөлшерде салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі туралы (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) мәліметтердің болуы;

конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 4, 5 және 6-қосымшаларға

сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді бермеу;

әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын иелену бөлігінде арнайы біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі. Сонымен қоса, тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілуі мүмкін. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық ресурстарды иеленуі банктің ( банктердің), салық органының анықтамасымен расталады;

біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісінің анықталуы;

банкроттық не тарату рәсіміне жатса;

2) оның конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай:

техникалық ерекшелігін бермеу, конкурстық құжаттама техникалық ерекшелік орнына орнатылған тәртіпте бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы қамтыған жағдайларды есепке алмағанда;

конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 8-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер ( қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді бермеу (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда);

қосалқы мердігерлер туралы мәліметтерді берген жағдайда әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жұмыстар көлемінің (құрылыс құнының) үштен екіден астам жиынтығын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруі;

конкурстық құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді бермеу негіздемелері бойынша конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

3) Заңның 6-бабының талаптарын бұзса, конкурсқа қатысуға рұқсат берілмейді. Заңның 6-бабы 1-тармағының 3), 3-1), 3-2) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша, әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі веб-порталдың автоматты түрде қабылдамауына жатады. Заңның 6-бабы 1-тармағының 5), 5-1), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша, конкурстық комиссия тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарындағы ақпаратты қарастырады.

93. Жеке тұлға болып табылатын (конкурсқа қатысушы болып танылған), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын әлеуетті өнім беруші егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай:

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын лицензиялардың не электрондық құжат түріндегі лицензиялардың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеу;

конкурсты жариялау күнінен кейін берілген конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер мен ипотекалық компанияларда бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес банк пен банк филиалының алдында анықтама беру күнінің алдында үш айдан астамға созылатын әлеуетті өнім беруші міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөр басылған анықтамасының электрондық көшірмесін бермеу ( егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осындай банктердің әрқайсысынан осындай анықтамаларды бермеу);

банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөр басылған анықтамасында осындай анықтаманы беру күнінің алдындағы үш айдан астам созылатын әлеуетті өнім берушінің міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің болуы;

конкурсты жариялау күнінен кейін берілген тиісті салық органының салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) не конкурсқа қатысуға өтінімдердің ашу күнінің алдындағы бір ай бұрын бір теңгеден кем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша берешегінің болуы туралы белгіленген нысандағы анықтамасының электрондық көшірмесін бермеу;

тиісті салық органының анықтамасында бір теңге және одан көп мөлшерде салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі туралы (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) мәліметтердің болуы;

конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді бермеу;

әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын иелену бөлігінде арнайы біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі. Сонымен қоса, тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілуі мүмкін. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық ресурстарды иеленуі банктің ( банктердің), салық органының анықтамасымен расталады;

біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісінің анықталуы;

банкроттық не тарату рәсіміне жатса;

2) оның конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай:

техникалық ерекшелігін бермеу конкурстық құжаттама техникалық ерекшелік орнына орнатылған тәртіпте бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы қамтыған жағдайларды есепке алмағанда;

конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 8-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді бермеу (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда);

қосалқы мердігерлер туралы мәліметтерді берген жағдайда әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жұмыстар көлемінің (құрылыс құнының) үштен екіден астам жиынтығын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруі;

конкурстық құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді бермеу негіздемелері бойынша конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

3) Заңның 6-бабының талаптарын бұзса, конкурсқа қатысуға рұқсат берілмейді. Заңның 6-бабы 1-тармағының 3), 3-1), 3-2) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша, әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі веб-порталдың автоматты түрде қабылдауына жатады. Заңның 6-бабы 1-тармағының 5), 5-1), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша, конкурстық комиссия тиісті уәкілетті органдардың

интернет-ресурстарындағы ақпаратты қарайды.

94. Сараптау комиссиясы не сарапшы конкурстық комиссияның төрағасы белгілеген мерзімде, бірақ конкурсқа қатысу өтінімдерді қарау мерзімінен кешіктірмей:

1) жұмыстарды мемлекеттік сатып алған кезде өз құзыретінің шегінде әлеуетті өнім берушілер ұсынатын жұмыстардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растау үшін олар берген құжаттардың толықтығы мен дұрыс ресімделуі тұрғысынан қарайды және зерделейді;

2) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын жұмыстардың конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі туралы сараптама қорытындысын ресімдейді, оған қол қояды және ұсынады;

3) тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алған кезде, өз құзыреті шегінде үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) айқындау үшін әлеуетті өнім берушілер ұсынған құжаттардың толықтығы мәніне қарастырады және зерделейді;

4) үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) айқындау туралы сараптамалық қорытынды ресімдейді, қол қояды және конкурстық комиссияның хатшысына ұсынады.

95. Сараптамалық қорытындыға сарапшы ерекше пікірін білдіретін жағдайларды қоспағанда, барлық сарапшылар қол қояды және әр бетіне бұрыштама соғады.

96. Сараптамалық қорытындыны алғаннан кейін конкурстық комиссияның хатшысы сараптамалық қорытындыны веб-порталда жариялайды және веб-портал арқылы хабарламаларды конкурстық комиссияның барлық мүшелеріне таратады. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді сараптамалық қорытындыны ескере отырып қарайды.

97. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасын ресімдеу кезінде, конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, Заңның 17-бабының 4-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды.

98. Жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүргізген кезде, конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға берілген өтінімдердің барлығын бағалау және салыстыру кезінде Заңның 17-бабының 4-тармағына сәйкес конкурстық құжаттамада көзделген критерийлерді ескереді және оларды конкурсқа қатысуға өтінімдердің барлығына тең мөлшерде қолданады.

Конкурстық комиссия шартты бағаны есептеу үшін электрондық конкурсқа

қатысуға ұсынылған өтінімдердің барлығын бағалайды және салыстырады және конкурстық құжаттамада мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ( мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы) айқындаған шартты бағаны есептеу әдістемесі бойынша Заңның 17-бабының 4-тармағында көзделген критерийлердің әрқайсысының салыстырмалы мәнін есептейді.

Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды бермеген жағдайда конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды. Шартты жеңілдіктерді қолдану үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған талаптар мемлекеттік сатып алу туралы шартқа енгізіледі.

99. Егер неғұрлым үздік функционалдық және басқа сипаттамалары бар тауарлар ұсынылса, сондай-ақ неғұрлым үздік технологиялық шешімдер және ( немесе) жұмыстар үздік материалдардан жасалса, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне жол беріледі.

100. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қараған кезде конкурстық комиссия осы конкурста сатып алынатын тауарларды беру, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығында ғана жұмыс тәжірибесін қарайды.

101. Жұмыстарды орындау сапасының менеджментінің сертификатталған жүйесін әлеуетті өнім беруші ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес берілген құжатпен растайды.

102. Жұмыстарды орындау кезінде қоршаған орта басқармасының сапа менеджментінің сертификатталған жүйесін әлеуетті өнім беруші ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес ұлттық стандарттардың талаптарына және ( немесе) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкес берілген құжатпен растайды.

103. Жергілікті мазмұнның болуы критерийі мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар жүзеге асыратын жұмыстарды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтініміне қолданылады.

104. Жұмыстардың отандық өнім берушісі мәртебесінің болуы критерийі мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар жүзеге асыратын жұмыстарды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтініміне қолданылады.

105. Жұмыстардың әлеуетті өнім берушісі – Келісім Тараптары мемлекеттерінің резиденті критерийі Келісім Тарапы мемлекетінің резиденті

болып табылмайтын шетелдік әлеуетті өнім берушілер осындай конкурста қатысқан кезде мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын жұмыстарды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтініміне қолданылады.

106. Түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорны болып табылатын жұмыстардың әлеуетті өнім берушісі критерийі – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жұмыстарды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтініміне қолданылады.

107. Тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізген кезде конкурстық комиссия барлық ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде Заңның 17-бабының 4-тармағына сәйкес конкурстық құжаттамада ұсынылған критерийлерді ескереді және оларды, конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, барлық конкурсқа қатысуға өтінімдерге тең мөлшерде қолданады.

Конкурстық комиссия шартты бағаны есептеу үшін электрондық конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдердің барлығын бағалайды және салыстырады және конкурстық құжаттамада мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ( мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы) айқындаған шартты бағаны есептеу әдістемесі бойынша Заңның 17-бабының 4-тармағында көзделген критерийлердің әрқайсысының салыстырмалы мәнін есептейді.

Әлеуетті өнім беруші осы критерийлерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды. Шартты жеңілдіктер қолдану үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған талаптар мемлекеттік сатып алу туралы шартқа енгізіледі.

108. Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушінің тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету бойынша тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде конкурстық комиссия осы конкурста сатып алынатын тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету нарығындағы жұмыс тәжірибесін ғана қарайды.

109. Техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылатын тауарларды еркін сертификаттау жүргізілгенін растайтын құжаттың болуы конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысына әсер етеді.

110. Тауарды жасаудың, қызметтерді орындаудың сертификатталған сапа менеджменті жүйесін әлеуетті өнім беруші ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес берілген құжатпен растайды.

111. Тауарды жасау, қызметтерді орындау кезінде қоршаған орта басқармасының сапа менеджментінің сертификатталған жүйесін әлеуетті өнім

беруші ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес ұлттық стандарттардың талаптарына және (немесе) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкес берілген құжатпен растайды.

112. Жергілікті мазмұнның болуы критерийі мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар жүзеге асыратын жұмыстарды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтініміне қолданылады.

113. Жұмыстардың отандық өнім берушісі мәртебесінің болуы критерийі мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар жүзеге асыратын жұмыстарды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтініміне қолданылады.

114. Тауарлардың отандық өндірушісі мәртебесінің болуы критерийі мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар жүзеге асыратын жұмыстарды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтініміне қолданылады.

115. Жұмыстардың әлеуетті өнім берушісі – Келісім Тараптары мемлекеттерінің резиденті критерийі Келісім Тарапы мемлекетінің резиденті болып табылмайтын шетелдік әлеуетті өнім берушілер осындай конкурста қатысқан кезде мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын жұмыстарды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтініміне қолданылады.

116. Түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорны болып табылатын жұмыстардың әлеуетті өнім берушісі критерийі – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жұмыстарды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтініміне қолданылады.

117. Тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүргізген кезде сараптау комиссиясы не сарапшы функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын бағалау негізінде үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) айқындайды.

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізген кезде сараптау комиссиясы не сарапшы техникалық және сапалық сипаттамаларын бағалау негізінде үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) айқындайды.

118. Сараптау комиссиясы не сарапшы үздік техникалық ерекшелікті (үздік

техникалық ерекшеліктерді) анықтаған кезде тауарлардың функционалдық сипаттамаларын конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көрсетілген функционалдық сипаттамаларды сипаттай отырып арақатынаста әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынып отырған тауардың техникалық ерекшелікте көрсетілген мүмкіндіктерінің шегіне қол жеткізу не арттыру мәніне бағалайды. Әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауардың функционалдық сипаттамалары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген тауарлардың мүмкіндіктер шегіне қол жеткізген не арттырған жағдайда, сараптау комиссиясы не сарапшы әр мүмкіндікке бір пайыз белгілейді. Бұл ретте жалпы жиынтық сома бес пайыздан аспауы тиіс.

119. Сараптау комиссиясы не сарапшы үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) анықтаған кезде тауарлардың, қызметтердің техникалық ерекшеліктерін конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көрсетілген параметрлерге арақатынаста әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынып отырған тауарлардың, қызметтердің параметрлерге қол жеткізу не арттыру мәніне бағалайды. Әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың, қызметтердің техникалық ерекшеліклары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген тауарлардың, қызметтердің параметрлер шегіне қол жеткізген не параметрлерден асқан жағдайда, сараптау комиссиясы не сарапшы әрбір қол жеткізілген не артық параметр үшін бір пайыз белгілейді. Бұл ретте жалпы жиынтық сома бес пайыздан аспауы тиіс.

120. Сараптау комиссиясы не сарапшы үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) анықтаған кезде тауарлардың, қызметтердің сапалық сипаттамаларын сипаттамалардың тауарлардың, қызметтердің талаптары мен мақсатына жиынтық сәйкестігі мәніне бағалайды. Егер әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынып отырған тауарлардың, қызметтердің сапалық сипаттамалары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көрсетілген тауардың, қызметтің талабына және мақсатына сай келетін немесе асатын жағдайларда, сараптау комиссиясы не сарапшы осы сипаттамаға бес пайыз белгілейді.

121. Сараптау комиссиясы не сарапшы үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) анықтаған кезде тауарлардың, пайдаланушылық сипаттамаларын конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көрсетілген шарттармен арақатынаста әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынып отырған техникалық ерекшелікда көрсетілген тауарды тасымалдау, сақтау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу шарттарына сай

болу немесе асу мәніне бағалайды. Егер әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынып отырған тауарды тасымалдау, сақтау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу шарттары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген шарттарға қол жеткізген немесе асқан жағдайда, сараптау комиссиясы не сарапшы әрбір қол жеткізілген не асқан шарт үшін бір пайыз белгілейді. Бұл ретте жалпы жиынтық сома бес пайыздан аспауы тиіс.

122. Егер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімнің маңызын қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателіктер болса, ол конкурстық құжаттама талаптарына сай деп танылады.

123. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші Заңның 25-бабының 7-тармағында және 25-1-бабының 7-тармағында көзделген негіздемелер бойынша конкурсқа қатысуға (конкурс қатысушысы деп танылмайды) жіберілмейді.

124. Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін олар ұсынып отырған жұмыстардың жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүргізген кезде және үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) айқындау үшін тауарларды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін қарауды, егер Заңның 7-1-бабына сәйкес бірыңғай ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырған және жүргізген жағдайларды қоспағанда, сараптау комиссиясы не сарапшы белгіленбеген болса, конкурстық комиссия жүзеге асырады.

## Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру

125. Жұмыстар бойынша конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы) конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 10-қосымшаға сәйкес конкурстық баға ұсынысын веб-порталға конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама жарияланған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

126. Тауарлар, қызметтер бойынша конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы) конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 10-қосымшаға сәйкес үздік техникалық ерекшелікке конкурстық баға ұсынысын веб-порталға конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама жарияланған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Егер бірнеше үздік техникалық ерекшеліктер анықталған жағдайда, тауарлар, қызметтер бойынша конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті өнім беруші ( конкурсқа қатысушы) конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына 10-қосымшаға сәйкес осындай техникалық ерекшеліктердің біреуіне конкурстық

баға ұсынысын веб-порталға береді.

127. Егер тауарлардың, қызметтердің үздік техникалық ерекшелігі анықталмаған жағдайда, конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы) конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке конкурстық баға ұсынысын береді.

128. Техникалық ерекшелігі үздік деп танылмаған, конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті өнім берушінің (конкурсқа қатысушының) Заңның 25-1-бабына сәйкес осы Қағидалардың 127-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық баға ұсынысын беруге құқығы жоқ.

129. Веб-портал конкурстық баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге тиісті хабарлама жібергеннен кейін конкурстық баға ұсынысы қабылданған болып есептеледі.

130. Әлеуетті өнім берушілер берген конкурстық баға ұсыныстары туралы мәліметтер веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

131. Әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы мынадай жағдайларда:

1) конкурстық баға ұсынысының бағасы демпингтік болса;

2) ол осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түссе;

3) конкурс қатысушысы бұдан бұрын осы конкурс бойынша баға ұсынысын берсе;

4) конкурстық баға ұсынысы осы Қағидалардың 125 және 126-тармақтарында белгіленген мерзімнен кеш түссе, веб-портал әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысын автоматты түрде кері қайтарады.

132. Конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген күні және уақытта веб-портал конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын автоматты түрде бағалау мен салыстыруды жүргізеді:

осы Қағидаларға сәйкес анықталатын демпингтік баға есептеледі және конкурсқа қатысушының демпингтік болып табылатын баға ұсынысы қабылданбайды;

егер демпингтік бағасы бар конкурстық баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін конкурсқа қатысушылардың екі және одан асатын конкурстық баға ұсыныстары конкурсқа қатысқан жағдайда, оларға конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамада көрсетілген шартты жеңілдіктерді қолдану арқылы конкурсқа қатысушылардың шартты бағалары анықталады;

конкурсқа қатысушылардың шартты бағалары салыстырылады, неғұрлым аз шартты баға негізінде конкурс жеңімпазы анықталады;

конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағасы тең болған кезде конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар,

көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі мол әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады. Шартты бағасы тең бірнеше әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі тең болған кезде конкурстық бағалық ұсыныстары басқа әлеуетті өнім берушілерден ерте келіп түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

133. Конкурс қорытындысы туралы хаттама веб-порталда автоматты түрде тіркелген конкурстық комиссияның барлық мүшелеріне және барлық әлеуетті өнім берушілерге электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып, веб-портал осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша автоматты түрде қалыптастырылады және жарияланады.

## Конкурсқа қатысуға өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі

134. Егер әлеуетті өнім берушінің жұмыстарға арналған конкурсқа қатысу өтінімінің бағасы техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалау-сметалық құжаттаманы даярлау үшін) және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сараптамадан немесе Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары туралы заңнамасына сәйкес ведомстволық сараптамадан өткен және белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген бағадан бес пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

Егер әлеуетті өнім берушінің техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу бойынша конкурсқа қатысу өтінімінің бағасы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік нормативтерге сәйкес тапсырыс беруші есептеген бағадан бес пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

135. Егер әлеуетті өнім берушінің консультациялық қызметтерге арналған конкурсқа қатысу өтінімінің бағасы конкурсқа қатысушылардың қабылданған конкурстық баға ұсыныстарының орташа арифметикалық бағасынан жетпіс пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік деп танылады.

## Конкурсты өтпеді деп тануға негіздемелер

136. Конкурс мынадай жағдайларда:
1) конкурсқа қатысуға берілген өтінімдер болмағанда;
2) конкурсқа қатысуға екеуден кем өтінім берілгенде;
3) конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;
4) конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе;

5) конкурсқа қатысушылардың ұсынған конкурстық баға ұсыныстары болмағанда;

6) конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары екеуден аз ұсынылса;

7) Заңның 26-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары кері қайтарылғаннан кейін бағалауға және салыстыруға жататын конкурстық баға ұсыныстары екеуден кем болса;

8) конкурстың жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса конкурс өтпеді деп танылады.

## 3. Баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу

### Баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу туралы хабарлау

137. Ұйымдастырушы баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, веб-порталда баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен өткізілетін электрондық мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын жариялайды.

### Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуы

138. Әрбір әлеуетті өнім беруші бір ғана баға ұсынысын береді, ол мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасында көзделген елеулі талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсетуді жүзеге асыруға келісім беру нысаны болып табылады.

139. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысында тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстар кіреді.

140. Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысын ұйымдастырушыға веб-порталды пайдалана отырып, ұйымдастырушының электрондық хабарландыруда көрсеткен баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғанға дейін ұсынады.

141. Баға ұсыныстарын берген әлеуетті өнім берушіге веб-портал тиісті хабарламаны автоматты түрде жібергеннен кейін баға ұсынысы қабылданды деп

саналады.

142. Әлеуетті өнім берушілер баға ұсыныстарын беру мерзімі біткенге дейін қажет болса берілген баға ұсынысын кері қайтарып алады және оларға өзгерістер енгізеді.

143. Мынадай жағдайларда:

1) егер осы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу үшін бөлінген сомадан артық болса;

2) егер әлеуетті өнім беруші бұрын осы лотқа баға ұсынысын берсе;

3) Заңның 6-бабы 1-тармағының 3), 3-1), 3-2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда веб-порталдың әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысынан автоматты түрде бас тартуына жатады.

144. Егер баға ұсыныстарын беру мерзімі ішінде әлеуетті өнім берушілердің баға ұсынысы екеуден аз берілген болса, веб-портал мұндай мемлекеттік сатып алуды автоматты түрде өтпеді деп таниды және ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асырады.

## Баға ұсыныстарын салыстыру және баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу қорытындыларын шығару

145. Баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін веб-порталда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу қорытындыларын автоматты түрде ашу және шығару жүргізіледі.

146. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу жеңімпазы деп ең төмен баға ұсынысын берген әлеуетті өнім беруші танылады.

147. Бірнеше әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысын берген жағдайда, өзінің баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады. Баға ұсыныстарын салыстыруды веб-порталда автоматты түрде жүргізіледі.

148. Егер осы Қағидалардың 143-тармағында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстарын веб-портал автоматты түрде қайтарғаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің баға ұсынысы екеуден аз қалған болса, онда мұндай мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылады және ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асырады.

149. Баға ұсыныстарына сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары шыққаннан кейін веб-портал оларды автоматты түрде жариялайды.

150. Баға ұсыныстарына сұрату тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып

алудың жарияланған қорытындыларында баға ұсыныстарына сұрату тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алудағы жеңімпаз туралы, сондай-ақ жеңімпаз ұсынғандай бағаны ұсынған әлеуетті өнім беруші туралы не баға ұсынысы жеңімпаз ұсынған бағадан кейін ең төменгі баға болып табылатын әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер қамтылады.

## 4. Бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу

151. Бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу мен ұйымдастыру веб-порталда мынадай жүйелі шаралардың орындалуын қарастырады:

1) мемлекеттік сатып алудың осы әдісін қолдану негіздемесімен бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы тапсырыс берушінің шешім қабылдауы;

2) бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу мен ұйымдастыру үшін ұйымдастырушыны тапсырыс берушінің анықтауы;

3) тауарларды жеткізу, жұмыстарлы орындау, қызметтерді көрсету мерзімдері, орындары мен шарттарын, төлеу мерзімі мен шарттарын анықтаумен сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктерін ұйымдастырушысы әзірлемесі Заңның 32-бабының 1) және 3) тармақтарында көзделген жағдайда бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде;

4) Ұйымдастырушының Заңның 33-бабының 1-тармағында көзделген мәліметті қамтитын бір көзден электрондық мемлекеттік сатып алу әдісімен қатысу туралы шақыруды веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушіге жіберуі;

5) электрондық мемлекеттік сатып алулар бір көзден сатып алу арқылы электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға оларға ұсынылатын баға негіздемесі, Заңның 32-бабы 4) тармақшасының негізінде жүзеге асырылған жағдайларды есепке алмағанда, ұйымдастырушының веб-портал арқылы өнім берушінің біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарын қарастыру;

6) веб порталда бір көзден сатып алу әдісімен электрондық мемлекеттік сатып алу туралы хаттаманың жариялануы.

152. Заңның 32-бабының 2) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда бір көзден сатып алу әдісімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, ұйымдастырушының сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің әзірленуі және тапсырыс берушінің олардың техникалық ерекшеліктерін бекітуі талап етілмейді. Бұл жағдайда өтілмеген деп танылған аукцион немесе конкурстың аукциондық немесе конкурстық құжаттамасының

электрондық нысанында көзделген оларды төлеудің шарттары мен қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау, тауарды жеткізудің мерзімі мен орны, және де шарттары, сатып алынатын тауарлар, жұмыстардың техникалық ерекшелігі қолданылады.

153. Ұйымдастырушы, тапсырыс берушінің бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы туралы шешім қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде веб-порталда тіркелген әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді, сондай-ақ шақыруды осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес веб-порталда электрондық құжат түрінде орналастырады.

Бір көзден алу (лоттар) тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес веб-порталда ресімделеді.

Заңның 32-бабының 2) және 5) тармақтарында көзделген жағдайларда бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде, Заңның 33-бабының 1-тармағында көзделген шақыруда қамтылған мәліметтер, өтпеген деп танылған аукцион немесе конкурстың аукциондық немесе конкурстық құжаттамасының электрондық нысанының шарттарына сәйкес болуға тиіс. Сонымен бірге, өтпеген деп танылған аукцион немесе конкурстың аукциондық немесе конкурстық құжаттамасының электрондық нысанында көзделген мерзімдердің тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерінен асуына жол беріледі, бірақ он бес күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

154. Аукционға қатысуға ұсынылған өтінімдер мен конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайларда, ұйымдастырушы тапсырыс беруші айқындаған әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақыру жібереді.

Бірыңғай ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде аукционға қатысуға ұсынылған өтінімдер мен конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайларда ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіні айқындайды және оған бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақыру жібереді.

155. Заңның 35-9-бабының 1-тармақшасында және Заңның 16-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда ұйымдастырушы аукцион немесе конкурсқа қатысқан әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы өткізетін және ұйымдастыратын кезде тапсырыс беруші Заңның 16-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында және Заңның 35-9-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында

көзделген жағдайларда аукционға немесе конкурсқа қатысқан әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

156. Заңның 16-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, ұйымдастырушы Заңның 6-бабының талаптарын бұзған тұлғаны есептемегенде, конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамаға сәйкес анағұрлым көп шартты жеңілдігі бар әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

Заңның 16-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, бірыңғай ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды өткізген және ұйымдастырған жағдайда тапсырыс беруші Заңның 6-бабының талаптарын бұзған тұлғаны есептемегенде, конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамаға сәйкес анағұрлым көп шартты жеңілдігі бар бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

157. Заңның 16-бабы 4-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайларда , ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

Заңның 16-бабы 4-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайларда бірыңғай ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу кезінде тапсырыс беруші, конкурсқа жіберілген әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

158. Заңның 16-бабы 4-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайларда , ұйымдастырушы конкурстық баға ұсынысы жалғыз болған конкурс қатысушысына бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

Заңның 16-бабы 4-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайларда бірыңғай ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру кезінде тапсырыс беруші, конкурстық баға ұсынысы жалғыз болған конкурс қатысушысына бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

159. Заңның 16-бабы 4-тармағының 7) тармақшасында көзделген жағдайларда ұйымдастырушы, конкурстық баға ұсынысы жалғыз бас тартылмаған конкурс қатысушысына бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

Заңның 16-бабы 4-тармағының 7) тармақшасында көзделген жағдайларда бірыңғай ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру кезінде тапсырыс беруші, конкурстық баға ұсынысы жалғыз бас

тартылмаған конкурс қатысушысына бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

160. Заңның 35-6-бабының 10-тармағында көзделген жағдайларда, ұйымдастырушы аукционның қатысушысы деп танылған әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

Заңның 35-6-бабының 10-тармағында көзделген жағдайларда тапсырыс беруші бірыңғай ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру кезінде аукционның қатысушысы деп танылған әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

161. Заңның 35-7-бабының 9-тармағында көзделген жағдайларда ұйымдастырушы аукционның қатысушылары деп танылған әлеуетті өнім берушілер арасынан айқындалған әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

Заңның 35-7-бабының 9-тармағында көзделген жағдайларда тапсырыс беруші бірыңғай ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру кезінде, аукционның қатысушылары деп танылған әлеуетті өнім берушілер арасынан әлеуетті өнім берушіні анықтайды және оған бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

162. Заңның 35-8-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда ұйымдастырушы баға туралы ұсынысы ең аз болып келетін әлеуетті өнім берушіге бір көзден сатып алу әдісімен электрондық мемлекеттік сатып алуларға қатысу туралы шақыру жібереді.

Заңның 35-8-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда тапсырыс беруші бірыңғай ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру кезінде, баға туралы ұсынысы ең аз болып табылатын әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

163. Заңның 32-бабының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда ұйымдастырушы егер бірде бір әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарын сұрату әдісімен мемлекеттік сатып алуға қатыспаған жағдайда, тапсырыс берушінің анықтаған әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

Екі әлеуетті өнім берушіден кем емес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуды қабылдау кезінде ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысқан әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жібереді.

164. Шақыру жіберілген әлеуетті жабдықтаушы, ұйымдастырушымен белгіленген мерзімде, ал бірыңғай ұйымдастырушымен аукцион немесе конкурстық әдіспен мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру жағдайларында, қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау, тауарларды жеткізу туралы ұсынысты қабылдауға құқылы, немесе веб-портал арқылы бас тарта алады.

165. Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету туралы ұсыныстарды қабылдаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға электронды құжатты веб-порталға жіберу арқылы сұратылған ақпаратты ұсынады.

Әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес бір көзден сатып алу арқылы электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы келісімді алады.

Сонымен бірге бір көзден сатып алу арқылы электрондық мемлекеттік сатып алулар бойынша әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес ресімдейді.

166. Үздік материалдар ішінен жұмыстарды орындау және (немесе) анағұрлым жақсы технологиялық шешімдер ұсынылған кезде, ждәне де анағұрлым функционалды және басқа ерекшеліктері бар тауарлар, жұмыстар мен қызметтер ұсынылса, ұйымдастырушымен ұсынылған техникалық ерекшелікке әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің сәйкессіздігіне жол беріледі.

167. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушінің сұратылған ақпаратты ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде веб-порталда бір көзден сатып алу әдісімен осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес электрондық мемлекеттік сатып алу нәтижелері туралы хаттаманы қалыптастарады және жариялайды.

Бір көзден сатып алу әдісімен электрондық мемлекеттік сатып алу нәтижелері туралы хаттамаға сараптамалық қорытынды, егер болса сарапшының (сараптау комиссиясының мүшесі) ерекше пікірі қосылады.

168. Бір көзден сатып алу әдісімен электрондық мемлекеттік сатып алулар мына жағдайларда:

1) егер әлеуетті өнім беруші, электрондық мемлекеттік сатып алулар Заңның 32-бабы 4) тармақшасының негізінде жүзеге асырылған жағдайларды есепке алмағанда, біліктілік талаптарға сәйкес келмесе;

2) егер әлеуетті өнім беруші бір көзден сатып алу әдісімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысудан бас тартса өтпеді деп танылады.

Егер бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу Қағидалардың осы тармағының негізінде өткізілмеді деп танылған жағдайда, мемлекеттік сатып алу Заңда көзделген тәсілдермен жүзеге асырылады.

## 5. Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу

## Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын ұйымдастырушы мен тапсырыс берушімен бір тұлға атынан шығатын, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу

169. Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу веб-порталда мынадай дәйекті іс-шаралардың орындалуын көздейді :

1) осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің ұйымдастырушыны, тапсырыс берушінің уәкілетті өкілін айқындауы;

2) тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін жағдайды, сондай-ақ осы Қағидалардың 3-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің веб-портал арқылы веб-портал қатысушысы болып табылатын ұйымдастырушыға шақыру жіберуі;

3) ұйымдастырушының аукциондық құжаттаманы қалыптастыруы, сондай-ақ қажет болғанда ұйымдастырушы сараптау комиссия тобының құрамын құруы не сарапшыны айқындауы және тапсырыс берушінің бекітуі;

4) тапсырыс берушінің веб-портал арқылы аукциондық құжаттаманы бекітуі;

5) ұйымдастырушының аукциондық комиссияның құрамын қалыптастыруы және веб-порталды пайдаланушылардың арасынан конкурстық аукциондық хатшысын айқындауы;

6) ұйымдастырушының веб-порталда аукцион өткізілетіні туралы хабарландыру жариялауы;

7) веб-порталға қатысушы – әлеуетті өнім берушілердің оны алу фактісін веб-порталда автоматты түрде тіркей отырып, аукциондық құжаттаманы алуы;

8) ұйымдастырушының, осы Қағидалардың 205 және 206-тармақтарында көзделген жағдайларда, оны алған әлеуетті өнім берушілерге аукциондық құжаттаманың ережелерін веб-портал арқылы түсіндіруі;

9) электрондық құжат нысанында берілетін аукционға қатысу өтінімдердің бірінші және екінші бөліктерін веб-порталда автоматты түрде тіркеу;

10) өтінімнің бірінші бөлігіндегі өтінімді қамтамасыз етудің құпиялылығын сақтамастан веб-портал арқылы ашу;

11) аукциондық комиссияның аукциондық құжаттама талаптарына сай әлеуетті өнім берушілерді анықтау, ал жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алған жағдайда, оларды аукционға қатысушы деп тану үшін өтінімді қамтамасыз етуді қарауы;

12) тауарды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жағдайларын қоспағанда, өтінімінің бірінші бөлігінде қамтылған тауарлардың техникалық ерекшеліктерінің құпиялылығын сақтай отырып, веб-портал арқылы ашу;

13) аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау үшін тауарлардың техникалық ерекшелігін сараптау комиссиясының немесе сарапшының (егер болса) пікірін ескере отырып, аукциондық комиссияның веб-портал арқылы қарауы, және оларды аукцион қатысушысы деп тануы;

14) вукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы қалыптастыру және веб-порталда жариялау;

15) веб-портал арқылы аукцион өткізу;

16) аукционға қатысу өтінімдерінің екінші бөлігінің құпиялылығын сақтай отырып, веб-портал арқылы аукциондық комиссияның қарауы;

17) аукциондық құжаттамамен бекітілген біліктілік талаптарға сәйкес аукционға қатысуға әлеуетті өнім берушілермен өтінімді келтіру үшін жетіспейтін мәліметтер немесе құжаттар туралы ақпарат пен сәйкессіздік себебін көрсете отырып аукциондық құжаттаманың талаптары мен біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер тізімін аукциондық комиссияның веб-портал арқылы анықтауы. Бұл анықтаманың нәтижелерін жариялау аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қараудың тиісті хаттамасында веб-порталда жүзеге асырылады;

18) әлеуетті өнім берушілер электрондық құжат нысанда беретін, аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келтірілген аукционға қатысуға өтінімдерді веб-порталда автоматты түрде тіркеу;

19) аукциондық комиссияның мемлекеттік сатып алулар туралы келісімшартты жасауға аукционның жеңімпазын анықтауы;

20) веб-порталда қорытынды хаттамаларының қалыптастырылуы және жариялануы;

21) тапсырыс беруші мен жеңімпаз арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу.

Аукцион бір лотқа өткізіледі, бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін

қызметтер аукционның мәні болып табылады.
Егер тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) жеткізудің (орындау, көрсету ) бірнеше орындары болса, лотта тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) жеткізудің (орындау, көрсету) бірнеше орындарын көрсетуге болады.

## Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын бірыңғай ұйымдастырушымен тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу және ұйымдастыру

170. Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын бірыңғай ұйымдастырушымен тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу және ұйымдастыру мынадай құжаттарды:

1) тапсырыс берушінің бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам не оның міндетін атқаратын адам бекіткен аукцион тәсілімен тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізуге тапсырыс берушінің өтінімін;

2) тапсырыс берушінің бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам не оның міндетін атқаратын адам бекіткен техникалық ерекшелікті. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда техникалық ерекшелік тиісті өкілетті органмен келісілген болуы тиіс;

3) Тапсырыс берушінің бірінші басшысының міндеттерін орындайтын тұлға немесе тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасы Президенті айқындайтын жауапты хатшының міндеттерін атқаратын лауазымды тұлға немесе бірінші басшы немесе жауапты хатшы әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауардың сәйкестігін анықтау үшін сараптау комиссиясы немесе сарапшы бекіткен конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелік, сараптау комиссиясының құрамы немесе Сарапшыны айқындау туралы шешімді;

4) Тапсырыс берушінің бірінші басшысының міндеттерін орындайтын тұлға немесе тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасы Президенті айқындайтын жауапты хатшының міндеттерін атқаратын лауазымды тұлға немесе бірінші басшы немесе жауапты хатшы бекіткен конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын қамтитын тапсырманы ұсыну негізінде жүзеге асырылады.

171. Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру

және жүргізу веб-порталда мынадай дәйекті іс-шаралардың орындалуын көздейді :

1) тапсырыс берушінің веб-портал қатысушысы болып табылатын бірыңғай ұйымдастырушыға веб-портал арқылы шақыру жіберуі;

2) бірыңғай ұйымдастырушының тапсырыс беруші бекіткен техникалық ерекшелікті қамтыған аукцион құжаттамасын, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын, сараптау комиссия құрамын немесе сарапшыны бекіту және веб-портал арқылы қалыптастыру;

3) бірыңғай ұйымдастырушының аукцион комиссиясының құрамын веб-портал арқылы қалыптастыру және бекіту және веб-портал пайдаланушылары ішінен аукциондық комиссия хатшысын айқындау;

4) бірыңғай ұйымдастырушының веб-порталда аукцион өткізілетіні туралы хабарландыру жариялауы;

5) веб-порталға қатысушы – әлеуетті өнім берушілердің оны алу фактісін веб-порталда автоматты түрде тіркей отырып, аукциондық құжаттаманы алуы;

6) ұйымдастырушының, осы Қағидалардың 207, 208, 209, 210 және 211-тармақтарында көзделген жағдайларда, оны алған әлеуетті өнім берушілерге аукциондық құжаттаманың ережелерін веб-портал арқылы түсіндіруі;

7) электрондық құжат нысанында берілетін аукционға қатысу өтінімдердің бірінші және екінші бөліктерін веб-порталда автоматты түрде тіркеу;

8) өтінімнің бірінші бөлімінде қамтылған өтінімді қамтамасыө етудің құпиялылығын сақтамасытан веб портал арқылы ашу;

9) аукциондық комиссияның аукциондық құжаттама талаптарына сай әлеуетті өнім берушілерді анықтау, ал жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алған жағдайда, оларды аукционға қатысушы деп тану үшін өтінімді қамтамасыз етуді қарауы;

10) тауарды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жағдайларын қоспағанда, өтінімінің бірінші бөлігінде қамтылған тауарлардың техникалық ерекшеліктерінің құпиялылығын сақтай отырып, веб-портал арқылы ашу;

11) сараптау тобының не сарапшының аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды аукционға қатысушы деп тануы үшін тауарлардың техникалық ерекшелігін қарауы;

12) аукционға қатысу рұқсат беру хаттамасын қалыптастыру және жариялау;

13) веб-портал арқылы аукцион өткізу;

14) веб-портал арқылы аукционға қатысу өтінімдерінің екінші бөлігінің құпиялылығын сақтай отырып, аукциондық комиссияның қарауы;

15) аукциондық құжаттамамен бекітілген біліктілік талаптарға сәйкес аукционға қатысуға әлеуетті өнім берушілермен өтінімді келтіру үшін

жетіспейтін мәліметтер немесе құжаттар туралы ақпарат пен сәйкессіздік себебін көрсете отырып аукциондық құжаттаманың талаптары мен біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер тізімін аукциондық комиссияның анықтауы. Бұл анықтаманың нәтижелерін жариялау аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қараудың тиісті хаттамасында веб-порталда жүзеге асырылады;

16) әлеуетті өнім берушілер электрондық құжат нысанда беретін, аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келтірілген аукционға қатысуға өтінімдерді веб-порталда автоматты түрде тіркеу;

17) аукциондық комиссияның аукцион жеңімпазын және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткерлерді айқындауы;

18) веб-порталда қорытындылар хаттамасын қалыптастыру және жариялау;

20) тапсырыс беруші мен аукцион жеңімпазы арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу.

Аукцион бір лотқа өткізіледі, бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер аукционның мәні болып табылады.

Егер тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) жеткізудің (орындау, көрсету ) бірнеше орындары болса, лотта тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) жеткізудің (орындау, көрсету) бірнеше орындарын көрсетуге болады.

## Бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушы мен тапсырыс беруші аукцион тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырған және жүргізген жағдайда веб-портал арқылы аукциондық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту

172. Ұйымдастырушы аукцион өткізу шарттары мен тәртібін айқындау үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес веб-порталда мемлекеттік және орыс тілдерінде конкурстық құжаттаманың электрондық нысанын қалыптастырады және тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлға болатын жағдайларды қоспағанда, оны тапсырыс берушімен келіседі.

173. Ұйымдастырушы қалыптастырған аукциондық құжаттаманы тапсырыс берушінің бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам не оның міндетін атқаратын адам бекітеді.

174. Заңның 7-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы белгілеген ұйымдастырушы

қалыптастырған аукциондық құжаттаманы тапсырыс берушінің бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам не оның міндетін атқаратын адам бекітеді.

175. Заңның 7-бабы 5-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы белгілеген ұйымдастырушы қалыптастырған аукциондық құжаттаманы тапсырыс берушінің бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам не оның міндетін атқаратын адам бекітеді.

## Бірыңғай ұйымдастырушы аукцион тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу жағдайында веб-портал арқылы аукционды құжаттаманы қалыптастыру және бекіту

176. Бірыңғай ұйымдастырушы аукционды өткізу шарттары мен тәртібін айқындау үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес веб-порталда мемлекеттік және орыс тілдерінде конкурстық құжаттаманың электрондық нысанын қалыптастырады.

177. Бірыңғай ұйымдастырушы қалыптастырған аукциондық құжаттаманы бірінші басшы немесе бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысының міндеттерін орындаушы тұлға бекітеді.

Заңның 7-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы қалыптастырған аукциондық құжаттама осы Қағидалардың 174-тармағына сәйкес бекітіледі.

178. Бірыңғай ұйымдастырушы қалыптастырған және бекіткен аукциондық құжаттама мыналарды:

1) тапсырыс беруші осы Қағидалардың 170-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бекіткен, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті өкілетті органмен келісілген техникалық ерекшелікті;

2) тапсырыс беруші осы Қағидалардың 170-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекіткен, сараптау комиссиясын не сарапшыны;

3) тапсырыс беруші осы Қағидалардың 170-тармағының 4) тармақшасына сәйкес бекіткен, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын, мемлекеттік сатып алулар туралы шарттың жобасын қамтуы тиіс.

## Ұйымдастырушы немесе онымен бір тұлғаны білдіретін тапсырыс беруші аукцион тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды

**ұйымдастырған және жүргізген жағдайда сараптау комиссиясын құрамын не сарапшыны аукциондық комиссияның бекітуі**

179. Аукциондық конкурс өткізу рәсімдерін орындау үшін ұйымдастырушы әрбір конкурсқа жеке аукциондық комиссия құрады және конкурстық комиссияның хатшысын айқындайды.

Аукциондық комиссия құру және аукциондық комиссия хатшысын айқындау туралы шешімге ұйымдастырушының бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам не оның міндетін атқаратын адам қол қояды.

Егер тапсырыс берушінің өзі тікелей немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты өзінің құрылымдық бөлімшесі атынан ұйымдастырушы болып әрекет еткен жағдайда аукциондық комиссия құру және аукциондық комиссия хатшысын айқындау туралы шешімге ұйымдастырушының бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам не оның міндетін атқаратын адам қол қояды.

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде ұйымдастырушы, ал егер тапсырыс беруші тікелей өзі не өзінің құрылымдық бөлімшесінің атынан ұйымдастырушыны білдірген жағдайда, тапсырыс беруші, қажет болған кезде тиісті қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша оның веб-порталда тіркелген қызметкерлерінің қатарынан оның өкілдерін аукциондық комиссияның құрамына енгізеді.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық ерекшелігін әзірлеу үшін ұйымдастырушы, ал егер тапсырыс беруші тікелей өзі не өзінің құрылымдық бөлімшесінің атынан ұйымдастырушыны білдірген жағдайда, тапсырыс беруші қажет болған кезде аукциондық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде сараптау комиссиясын құрады не сарапшы тартады.

180. Аукциондық комиссияның мүшелері аукциондық комиссияның төрағасы , төрағаның орынбасары және аукциондық комиссияның басқа да мүшелері болып табылады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш адам болуы тиіс.

Егер тапсырыс берушінің тікелей өзі ұйымдастырушы болған жағдайда аукциондық комиссияның төрағасы болып бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам айқындалады. Егер тапсырыс беруші мемлекеттік

сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімін орындау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесінің атынан ұйымдастырушыны білдірген жағдайда аукциондық комиссияның төрағасы болып тапсырыс берушінің осы құрылымдық бөлімшесінің бірінші басшысынан төмен емес лауазымды адам айқындалады.

Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын көздейтін бюджеттік даму бағдарламаларының шеңберінде аукцион өткізілген кезде, аукциондық комиссияның төрағасы болып тапсырыс берушінің бірінші басшысы айқындалады.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы орган бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын көздейтін бюджеттік даму бағдарламаларының шеңберінде аукцион өткізген кезінде аукциондық комиссияның төрағасы болып Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінің әкімі айқындалады.

181. Аукциондық комиссияның төрағасы:

1) аукциондық комиссияның қызметіне басшылық етеді;

2) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

182. Аукциондық комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап жұмыс істейді және өз қызметін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап тоқтатады.

183. Аукциондық комиссияның шешімі веб-порталды пайдалана отырып дауыс берумен қабылданады және ол, егер аукциондық комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілігі ол үшін дауыс берген болса қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда аукциондық комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда, төраға орынбасары дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

Аукциондық комиссия шешімімен келіспеген жағдайында, аталған аукциондық комиссияның кез келген мүшесі, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде веб-порталда жарияланатын айрықша пікірге құқығы бар.

Аукциондық комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда, аукциондық комиссия хатшысы веб-порталдағы аукциондық комиссияның тиісті хаттамаларында қол қойылмау себебін қамтитын құжатты жариялайды.

184. Аукциондық комиссияның ұйымдастыру қызметін аукциондық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Аукциондық комиссия хатшысы аукциондық комиссияның мүшесі болып табылмайды және аукциондық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

Аукциондық комиссияның хатшысы ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамдарының арасынан анықталады.

Аукциондық комиссияның хатшысы:

1) веб-порталда аукциондық құжаттаманы қалыптастырады;
2) веб-порталда аукцион өткізілетіні туралы хабарландыруды, аукционға қатысуға рұқсат берілгені туралы хаттаманы, аукционның өткізілу хаттамасын, болған жағдайда аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қарау хаттамасын, аукционның қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ болған жағдайда басқа да құжаттарды веб-порталда жариялайды;
3) веб-порталда сараптау комиссиясының не сарапшының қорытындысын жариялайды;
4) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
184. Ұйымдастырушыда әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау үшін тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда ұйымдастырушы тараптардың уағдаластығы бойынша мемлекеттік қызметшілерді өтеусіз негізде, ал басқа сарапшыларды ақылы негізге де, өтеусіз негізде де сарапшылар ретінде тартады.
Қызметінің бейіні мемлекеттік сатып алу мәніне сәйкес келуі қандай да бір тұлғаны сарапшы ретінде тарту үшін міндетті шарт болып табылады.
Ақылы негізде сарапшыны таңдауды ұйымдастырушы Заңға сәйкес жүзеге асырады.
Сарапшылардың аукциондық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.
186. Бірнеше сарапшыны тартқан жағдайда ұйымдастырушы тартылған сарапшылардың арасынан сараптау комиссиясын құрады және олардың арасында сараптау комиссиясының төрағасын айқындайды.
Сараптау комиссиясының мүшелері, оның ішінде төраға, төраға орынбасары және басқа да мүшелері болып табылады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды. Сараптау комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш адам болуы тиіс.
187. Сараптау комиссия құру туралы шешімге ұйымдастырушының не онымен бір тұлға ретінде болатын тапсырыс берушінің бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам не ұйымдастырушының не онымен бір тұлға ретінде болатын тапсырыс берушінің бірінші басшысының міндетін атқаратын адам қол қояды.
188. Сараптау комиссиясы не сарапшы әлеуетті өнім берушілер ұсынған тауарлар аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптамалық қорытынды береді.
Сараптау комиссия немесе сарапшының қорытындысы аукциондық комиссиясымен тек аукциондық құжаттамамен көзделген талаптар шектерінде

құрылған жағдайында ғана есепке алынады. Сараптамалық қорытындыға сараптау комиссия мүшелерімен немесе сарапшымен қол қойылады және аукциондық комиссия хатшысының электрондық қол қоюымен расталған құжаттың электрондық көшірмесі түрінде аукционға қатысу рұқсаты туралы хаттамасына қоса беріледі.

Сараптау комиссия шешімімен келіспеген жағдайында берілген сараптау комиссиясының кез келген мүшесі сараптау комиссия қорытындысына қоса берілетін, ерекше пікірге құқылы болады және ол веб-порталда құжаттың электрондық көшірмесі түрінде жарияланады.

Сараптамалық қорытындыға сәйкес хаттамаларында сараптау комиссиясының қандай да бір мүшесінің қолы қойылмаған жағдайында конкурстық комиссия хатшысымен веб-порталда қол қойылмау себебі көрсетілген құжат жарияланады.

189. Аукционды өткізу басталмас бұрын аукциондық комиссия мүшелері, аукциондық комиссия хатшысы, сонымен қатар сараптау комиссия немесе сарапшы бекітілген аукциондық құжаттамасымен және оның қосымшаларымен танысып шығады.

## Бірыңғай ұйымдастырушы электрондық мемлекеттік сатып алуды аукцион тәсілімен ұйымдастырған және жүргізген жағдайда аукциондық комиссияның, сараптау комиссияның құрамын не сарапшыны бекіту

190. Аукционды өткізу рәсімдерін орындау үшін бірыңғай ұйымдастырушысы әр аукционға бөлек аукциондық комиссияны құрайды және аукциондық комиссия айқындайды.

Аукциондық комиссияны құру және аукциондық комиссия хатшысын айқындау туралы шешімге бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысы немесе бірінші басшысының міндеттерін атқарушы тұлға қол қояды.

191. Аукциондық комиссия мүшелері ретінде аукциондық комиссияның төрағасы, төрағасының орынбасары және басқа мүшелері болып табылады. Төраға жоқтығында оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады. аукциондық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы, бес адамнан кем болмауы тиіс.

Заңның 7-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес анықталған бірыңғай ұйымдастырушы аукционды ұйымдастырғанда және өткізгенде аукциондық комиссияның төрағасы тапсырыс берушінің бірінші басшысы анықталады.

Заңның 7-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес анықталған бірыңғай ұйымдастырушы аукционды ұйымдастырғанда және өткізгенде аукциондық

комиссияның төрағасы тиісті облыстың, республикалық маңызды қаланың және астананың әкімі айқындалады.

Тапсырыс беруші аукциондық комиссияның құрамына өз қызметкерлерін ұсынуға құқылы.

192. Аукциондық комиссияның төрағасы:

1) аукциондық комиссия қызметіне басшылық етеді;

2) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

193. Аукциондық комиссия құрылуы туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасағаннан күннен бастап өз қызметін тоқтатады.

194. Аукциондық комиссия шешімі веб-порталды пайдалана отырып, дауыс берумен қабылданады және ол қабылданған болып табылады, егер аукциондық комиссия мүшелері жалпы санының көпшілігі оған дауыс беретін болса. Дауыстар тең болған жағдайда аукциондық комиссия төрағасы немесе ол болмағанда, төраға орынбасары дауыс берген шешім қабылданған деп есептеледі.

Аукциондық комиссия шешімімен келіспеген жағдайында, берілген аукциондық комиссиясының кез келген мүшесі ерекше пікірге құқылы болады және ол веб-порталда құжаттың электрондық көшірмесі түрінде жарияланады.

Аукциондық комиссияның сәйкес хаттамаларында аукциондық комиссиясының қандай да бір мүшесінің қолы қойылмаған жағдайында аукциондық комиссия хатшысымен веб-порталда қол қойылмау себебі көрсетілген құжат жарияланады.

195. Аукциондық комиссияның ұйымдастырушылық қызметі аукциондық комиссия хатшысымен қамтамасыз етіледі. Аукциондық комиссия хатшысы аукциондық комиссия мүшесі болып табылмайды және аукциондық комиссия шешім қабылдағанда дауыс құқығына ие болмайды.

Аукциондық комиссия хатшысы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің лауазымды тұлғалар санынан анықталынады.

Аукциондық комиссия хатшысы:

1) веб-порталда аукциондық құжаттаманы қалыптастырады;

2) веб-порталда аукционды өткізу туралы хабарландыруды, аукционға қатысуға рұқсат хаттамасын, аукционды өткізу хаттамасын, аукционға, бар болса, қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қарау хаттамасын, аукцион қорытындылары туралы хаттамасын, сонымен қатар веб-порталына басқа, бар болса, құжаттарды жариялайды;

3) веб-порталда сараптама комиссиясының немесе сарапшының нәтижесін

жариялайды;

4) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

196. Ұйымдастырушыда әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын тауарлардың аукциондық хаттама талаптарына сәйкестігін анықтау үшін сәйкес бейінді маман болмаған жағдайында, ұйымдастырушы қажеті болса, сарапшылар ретінде мемлекеттік қызметкерлерді ақысыз негізінде, ал басқа сарапшыларды ақылы, ақысыз негізінде де екі тараптың уағдаластығы бойынша тартады.

Сарапшы ретінде қандай да бір тұлғаны тарту үшін міндетті шарт оның қызмет бейінінің мемлекеттік сатып алу мәніне сәйкестігі болып табылады.

Сарапшыны ақылы негізінде таңдауды ұйымдастырушы Заңға сәйкес жүзеге асырады.

Сарапшылар аукциондық комиссия шешім қабылдағанда, дауыс беру құқығына ие болмайды.

197. Бірнеше сарапшы тартылған кезде ұйымдастырушы тартылған сарапшылардың арасынан сараптау комиссияны құрайды және олардың арасынан сараптау комиссия төрағасын айқындайды.

Сараптау комиссия мүшелері төраға, төраға орынбасары және сараптау комиссиясының басқа мүшелері болып табылады. Төраға болмаған кезде оның қызметтерін төраға орынбасары орындайды. Сараптау комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш адам болуға тиіс.

198. Сараптау комиссия құру туралы шешіміне бірінші басшымен немесе жауапты хатшымен не болмаса, Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тапсырыс берушінің жауапты хатшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын лауазымды басқа тұлға немесе тапсырыс берушінің бірінші басшысының міндетін атқарушы тұлға қол қояды.

199. Сараптау комиссия немесе сарапшы әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарлардың аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестілігі бойынша сараптамалық қорытынды береді.

Сараптау комиссия немесе сарапшының қорытындысы аукциондық комиссиясымен тек аукциондық құжаттамамен көзделген талаптар шектерінде құрылған жағдайында ғана есепке алынады. Сараптамалық қорытындыға сараптау комиссия мүшелерімен немесе сарапшымен қол қойылады және аукциондық комиссия хатшысының электрондық қол қоюымен расталған құжаттың электрондық көшірмесі түрінде аукционға қатысу рұқсаты туралы хаттамасына қоса беріледі.

Сараптау комиссия шешімімен келіспеген жағдайында берілген сараптау комиссиясының кез келген мүшесі сараптау комиссия қорытындысына қоса берілетін, ерекше пікірге құқылы болады және ол веб-порталда құжаттың электрондық көшірмесі түрінде жарияланады.

Сараптамалық қорытындыға сәйкес хаттамаларында сараптау комиссиясының қандай да бір мүшесінің қолы қойылмаған жағдайында конкурстық комиссия хатшысымен веб-порталда қол қойылмау себебі көрсетілген құжат жарияланады.

200. Аукционды өткізу басталмас бұрын аукциондық комиссия мүшелері, аукциондық комиссия хатшысы, сонымен қатар сараптау комиссия немесе сарапшы бекітілген аукциондық құжаттамасымен және оның қосымшаларымен танысып шығады.

## Аукционның өткізілуі туралы хабарлама

201. Ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы аукциондық құжаттама бекітілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерін ұсынуының соңғы күніне дейін жиырма төрт күнтізбелік күннен кем емес уақыт қалған мерзімде веб-порталда өткізілетін аукцион туралы хабарландыруды, сонымен қатар бекітілген аукциондық құжаттаманы жариялайды.

Егер аукцион тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу мәні болып табылатын тауарды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сома, тиісті қаржылық жылға республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселік мөлшерінен артық болмаса, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы өткізілетін аукцион туралы хабарландыруды веб-порталда, әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерін ұсынуының соңғы күніне дейін жеті күнтізбелік күннен кем емес мерзім қалғанда жариялайды.

## Әлеуетті өнім берушілерге аукциондық құжаттаманы ұсыну

202. Аукционды өткізу туралы хабарламаны жариялаған күннен бастап барлық талап білдірушілерге аукциондық құжаттаманы веб-порталдан тегін алу мүмкіндігі ұсынылады.

203. Аукциондық құжаттаманы әлеуетті өнім берушілерге - веб-портал қатысушыларына ұсыну веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

204. Аукциондық құжаттаманы веб-порталда аукционды өткізу туралы хабарлаған сәтке дейін ұсынуға жол берілмейді.

## Ұйымдастырушының немесе онымен бір тұлғаны білдіретін тапсырыс берушінің аукциондық құжаттама ережелерін түсіндіруі

205. Әлеуетті өнім беруші - веб-портал қатысушысы қажет болған жағдайда ұйымдастырушыға аукционға қатысу туралы өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінің аяқталуынан алты күнтізбелік күн бұрын, аукциондық құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сауал жібере алады.

Ұйымдастырушы сауалды алған күннен бастап бір күнтізбелік күн ішінде аукциондық құжаттама ережелері түсіндірмесі мәтінін веб-порталда, аукциондық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерге - веб-портал қатысушыларына автоматты түрде хабардар ете отырып жариялайды.

206. Ұйымдастырушы қажет болған жағдайда, аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінің аяқталуына дейін бес күнтізбелік күн қалған мерзімде өз бастамасымен немесе әлеуетті өнім берушілер - веб-портал қатысушылары сауалдарына жауап ретінде аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді. Бірақ, аукцион тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алулар мәніне өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы Қағидалардың 173, 174 және 175-тармақтарында белгіленген тәртіппен бекітіледі .

Ұйымдастырушы аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде, енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтыруларды көрсете отырып нақтыланған аукциондық құжаттаманы, аукциондық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерге - веб-портал қатысушыларына автоматты түрде хабардар ете отырып, веб-порталда жариялайды.

Мұндай жағдайда, аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі кемінде жеті күнтізбелік күндік мерзімге ұзартылады.

## Бірыңғай ұйымдастырушының аукциондық құжаттама ережелерін түсіндіруі

207. Әлеуетті өнім беруші - веб-портал қатысушысы қажет болған жағдайда ұйымдастырушыға аукционға қатысу туралы өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінің аяқталуынан алты күнтізбелік күн бұрын, аукциондық құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сауал жібере алады.

Ұйымдастырушы сауалды алған күннен бастап бір күнтізбелік күн ішінде аукциондық құжаттама ережелері түсіндірмесі мәтінін веб-порталда, аукциондық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерге - веб-портал қатысушыларына автоматты түрде хабардар ете отырып, жариялайды.

208. Әлеуетті өнім беруші - веб-портал қатысушысы аукциондық құжатнаманың ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік сатып алулар

туралы шарт жобасы және техникалық ерекшелік ережелерін түсіндіру туралы сауал жіберген жағдайда, бірыңғай ұйымдастырушы мұндай сауал түскен күні оны веб-порталды пайдалана отырып тапсырыс берушіге жібереді.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім беруші - веб-портал қатысушысы сауалын бірыңғай ұйымдастырушыдан алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде, оған веб-порталды пайдалана отырып жауап беруге міндетті.

Бірыңғай ұйымдастырушы - әлеуетті өнім беруші - веб-портал қатысушысы сауалына жауап түскен күні аукциондық құжатнаманың ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жобасы және техникалық ерекшелік ережелерін түсіндірмесі мәтінін, аукциондық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерге - веб-портал қатысушыларына автоматты түрде хабардар ете отырып жариялауға міндетті.

209. Бірыңғай ұйымдастырушы қажет болған жағдайда, аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінің аяқталуына дейін бес күнтізбелік күн қалған мерзімде өз бастамасымен немесе әлеуетті өнім берушілер - веб-портал қатысушылары сауалдарына жауап ретінде, аукциондық құжатнаманың ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жобасы және техникалық ерекшелік ережелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулардан бөлек, аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді. Аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, аукциондық құжатнаманың ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жобасы және техникалық ерекшелік ережелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулардан бөлек, осы Қағидалардың 177-тармағында белгіленген тәртіпте бекітіледі. Бұл ретте, аукцион тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алулар мәніне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Тапсырыс беруші аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінің аяқталуына дейін алты күнтізбелік күн қалған мерзімде аукциондық құжатнаманың ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жобасы және техникалық ерекшелік ережелеріне өзгерістер және ( немесе) толықтырулар енгізу туралы бекітілген шешімді жібереді

Бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс беруші бекіткен шешім негізінде, аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінің аяқталуына дейін бес күнтізбелік күн қалған мерзімде аукциондық құжатнаманың ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жобасы және техникалық ерекшелік ережелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

210. Бірыңғай ұйымдастырушы аукциондық құжатнамаға өзгерістер және ( немесе) толықтырулар енгізу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап бір

жұмыс күні ішінде анықталған аукциондық құжаттаманы енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтыруларды көрсете отырып веб-порталда, аукциондық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерге - веб-портал қатысушыларына автоматты түрде хабардар ете отырып жариялайды.

211. Бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс берушіден аукциондық құжатнаманың ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жобасы және техникалық ерекшелік ережелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешімді алған күні, анықталған аукциондық құжаттаманы енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтыруларды көрсете отырып веб-порталда, аукциондық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерге - веб-портал қатысушыларына автоматты түрде хабардар ете отырып жариялайды.

Осы Қағидалардың 210 және 211-тармақтарында көзделген жағдайларда, аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі кемінде жеті күнтізбелік күндік мерзімге ұзартылады.

## Аукциона қатысуға өтінімдері мазмұны және оларды ұсыну

212. Аукционға қатысуға өтінім электронды құжат түрінде беріледі және аукционға қатысуға талаптанушы әлеуетті өнім берушінің, тауарды аукциондық құжатнамада көзделген талаптарға және шарттарға сәйкес жеткізуін (жұмысты орындауын, қызметтерді көрсетуін) жүзеге асыруға келісімін білдіру үлгісі болып табылады.

213. Ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға аукционға қатысуға талап білдіруші әлеуетті өнім берушінің өтінімі электрондық құжат түрінде мемлекеттік сатып алулар веб-порталында жасалынады және аукциондық құжатнамада санамаланған электронды құжаттар және (немесе) электронды құжаттар көшірмесінен тұратын екі бөліктен тұрады.

29. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімісіз берілген Шарт бойынша өз міндеттерін біреуге толығымен де емес, бөлшектеп те емес тапсыруға тиісті емес.

30. Өнім беруші берілген Шарт шегінде жасасқан барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынуы қажет. Қосалқы мердігерлердің бар болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

31. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

## 8. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу шарттары

32. Шарт <оны Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылығының территориалды бөлімшесінде тіркеуден кейін/

қол қойылған күнінен бастап> өз күшіне енеді және <жыл> жылының 31 желтоқсанына/берілген Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттерін толық орындауына> дейін қолданылады.

33. Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге сәйкес жазбаша хабарлама жіберіп, кез келген уақытта біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарт талаптарын орындаудан бас тарту жедел іске асырылады, және егер бұл нұқсан келтірмесе немесе әрекет етуге не Тапсырыс берушіге тағылған немесе кейін тағылатын ықпалшараларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржы міндеттерін атқармайды.

34. Тапсырыс беруші Өнім берушіге сәйкес жазбаша хабарлама жіберіп, Шарт орындаудың жөнсіздігіне себепті кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шарт талаптарын орындаудан бас тарту себебі, сонымен қатар Шарттың бұзылу күшіне ену күні көрсетілуі тиіс.

35. Шарт жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылу күніне шынайы шығындар үшін ғана төлемді талап ете алады.

36. Шарт талаптарын бұзу үшін қандай да бір ықпалшарттарына нұқсан келтірмей, Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп, берілген Шартты толық немесе бөлшектеп бұза алады:

1) егер Өнім беруші Тауарларды Шартпен белгіленген мерзімде немесе Тапсырыс берушімен ұсынылған, берілген Шарттың ұзару кезеңі ішінде жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін атқара алмаса.

37. Мемлекеттік сатып алу туралы Шарт Заңның 6 бабымен қарастырылған шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда, сонымен бірге мемлекеттік сатып алу ұйымдастырушысымен Өнім берушіге Заңмен қарастырылмаған көмек көрсетуі жағдайында кез келген кезеңінде бұзылуы мүмкін.

38. Шарт тараптардың келісімімен бұзылуы мүмкін.

## 9. Форс-мажор

39. Тараптар Шарт талаптарының орындалмауына жауапкершілік көтермейді, егер ол форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

40. Өнім беруші Шарт орындалуының өз қамтамасыз етуінен айырылмайды және айып төлем өтеу үшін немесе Шарт талаптарын орындамау себебінен оны бұзу үшін жауапты болмайды, егер Шарт орындау бойынша кідіріс

форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

41. Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптар бақылауымен биленбейтін және күтпеген мінезге ие оқиғаны білдіреді. Ондай оқиғалар келесілерді қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе стихиялық апаттар және басқалар.

42. Форс-мажорлық жағдайлардың пайда болуы кезінде Өнім беруші Тапсырыс берушіге ондай жағдайлар мен себептері туралы жазбаша хабарламаны жедел жіберуі тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға байланысты емес, Шартты орындаудың баламалы әдістерін іздейді.

## 10. Даулы мәселелерді шешу

43. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді тікелей келіссөз жүргізу барысында шешу үшін барлық күштерін салулары тиіс.

44. Егер осындай келіссөз басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша мәселені шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап ете алады.

## 11. Хабарлама

45. Шартқа сәйкес бір жақ екінші жаққа жіберген кез келген хабарлама келесіде түпнұсқасын ұсынумен, хат, телеграмма, телекс немесе факс арқылы жіберіледі.

46. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күнінен ( хабарламада көрсетілсе) бастап, осы екі мерзімнің қайсысы кеш келетініне байланысты өз күшіне енеді.

## 12. Өзге шарттар

47. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

48. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар тек олар жазбаша нұсқада және Тараптардың осыған өкілетті өкілдері қол қойған және олардың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана шынайы деп танылады.

49. Мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан Шартқа өзгерістерді сапаның өзгеруісіз және өнім беруші таңдауының негізгі басқа жағдайларында енгізуге

рұқсат етіледі:

1) жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің ұлғаюы немесе азаюымен байланысқан Шарт сомасының ұлғаюы немесе азаюы бөлігінде, Шартта белгіленген Тауарлар бірлігі үшін бағаның өзгермеу шарты орындалса;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау барысында Тауарлар бірлігі үшін бағаның өзгермеу шартында, одан гөрі сапалы және (немесе) техникалық мінездемелер не Тауарларды жеткізу мерзімдері және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайында;

3) Тараптардың өзара келісушілігі бойынша Тауарлар үшін бағаның төмендеуі және сәйкесінше Шарт сомасының төмендеу бөлігінде.

50. Тараптардың біреуімен Шарт бойынша міндеттерін тапсыру тек басқа Жақтың жазбаша рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

51. Шарт бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде екі нұсқада құрастырылған, әр Жақ үшін бір нұсқадан.

52. Шартпен реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сүйенеді.

| | |
|---|---|
| Тапсырыс беруші: | Өнім берушi |
| < Тапсырыс берушінің толық атауы> | <Өнім берушінің толық атауı |
| < Тапсырыс берушінің нақты толық мекенжайы> | <Өнім берушінің нақты толық мекенжайı |
| Тапсырыс берушінің БСН <БСН> | Өнім берушінің БСН/ЖСН/ТІ |
| Тапсырыс берушінің БСН<БСН > | Өнім берушінің БСІ |
| Тапсырыс берушінің ЖСК<ЖСК> | Өнім берушінің ЖСІ |
| <Банктің атауы> | <Банктің атауı |
| Тел.: <Тапсырыс берушінің телефоны > | Тел.: <Өнім берушінің телефонı |
| <Тапсырыс берушінің лауазымы> | <Өнім берушінің лауазымı |
| <Тапсырыс берушінің ТАӘ> | <Өнім берушінің ТАӘ > |

Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларына 20-қосымша

## Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт

<Сәйкестендіру нөмірі > <шарт карточкасының нөмірі>

<Тапсырыс берушінің өңірі> № <шарттың нөмірі> <шарттың күні>

«Тапсырыс берушінің лауазымы» тұлғасынан әрекет ететін тапсырыс беруші деп аталатын тапсырыс берушінің толық атауы> «Тапсырыс берушінің негіздемесі» негізінде әрекет ететін тапсырыс берушінің ТАӘ> бір тараптан және «Өнім берушінің лауазымы» атынан әрекет ететін бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын «Өнім берушінің толық атауы» > екінші тараптан «Өнім берушінің негіздемесі» негізінде әрекет ететін Өнім берушінің ТАӘ, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «қорытындылардың күні» № «

қорытындылардың нөмірі» «сатып алу тәсілі» мемлекеттік сатып алудың қорытындыларын бекіту туралы шешімнің негізінде «шарттың атауы» туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі келісімге келді:

## 1. Ұғымдар мен айқындамалар

1. 1) тапсырыс беруші – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

2) бас мердігер (бұдан әрі – Мердігер) – Тапсырыс берушімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ, консорциум (сатып алуды жүзеге асыру ережесінде көзделген жағдайларда);

3) қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) – Шарт бойынша учаскеде ( объектіде) жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен шарты және ( немесе) келісімі бар адамды немесе ұйымды білдіреді;

4) техникалық қадағалаушы – мердігерлік жұмыстарды Мердігердің Шарттың ережелеріне сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған адамды білдіреді;

5) объект – конкурсты ұйымдастырушы Мердігердің Шартта көзделген түрде құрылуға, қайта жаңартуға және Тапсырыс берушіге беруге тиіс деп анықтаған ғимарат, құрылым;

6) учаске – Объект құрылысын салуға немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақты білдіреді;

7) Шарттың бағасы – Шарттың Мердігер өзінің конкурстық өтінімінде көрсеткен және Тапсырыс беруші қабылдаған жалпы сомасын білдіреді;

8) шарт – «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Мердігердің арасында ғимараттар мен құрылымдардың құрылысын салуға және жөндеу-құрылыс жұмыстарына жасалған азаматтық-құқықтық шарт. Шартқа оған қол қойылғаннан кейінгі барлық толықтырулар мен өзгерістер өзгерістер қабылдау жолымен жасалуы мүмкін. Шарт Жобалаушы мен Мердігер, Тапсырыс берушілер мен Қосалқы мердігерлер арасындағы қандай да бір шарттық қатынастар қалыптастыратындай түрде түсіндірілуге тиіс емес;

9) уақытша құрылымдар – Объектінің құрылысын салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын салуды аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылымдарды білдіреді;

10) материалдар - Объект құрылысын салу үшін Мердігер мен Қосалқы мердігер пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді;

11) жабдық - Мердігер мен Қосалқы мердігердің Объектінің құрылысын салу үшін учаскеде уақытша тұрған барлық машиналары мен тетіктерін білдіреді;

12) құрылыстың ұзақтық мерзімі - Мердігер Объектінің құрылысын салуды аяқтауға тиіс мерзімді білдіреді;

13) күндер - күнтізбелік күндер, айлар - күнтізбелік айлар;

14) өзгерістер - Тапсырыс беруші Шартқа қол қойылғаннан кейін берген өзгерістер;

15) ақау - жұмыстардың Шарт ережелерін бұзып орындалған бөлігі;

16) шалалықтар мен ақауларды жою кезеңі - жұмыстардың орындалуын тексеру үдерісінде табылған шалалықтар мен ақауларды жою кезеңі.

<n) жаңа тармақша>

## 2. Шарттың мәні

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы «ұйымдастырушының толық атауы» Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды ( бұдан әрі – Жұмыстар) жариялады және осы жұмыстарды орындауға Мердігердің конкурстық сұранымын қабылдады.

3. Жұмыстар Жоба бойынша орындалады – <сатып алудың атауы> – объектінің тұрған жері - <орналасқан жері>.

Бас жобалаушы – <бас жобалаушы>.

4. Төменде санамаланған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (1-қосымша);

<n) жаңа тармақша>

## 3. Шарттың құны және ақы төлеу шарттары

5. Шарттың жалпы сомасы «шарттың сомасы» (сома жазу үлгісімен) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығындар , сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған барлық салықтар мен алымдар, соның ішінде ҚҚС/ҚҚС есебінсіз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) енеді.

6. Қазынашылықтың аумақтық органында Шартты «бағдарлама», «қосымша бағдарлама, ерекшелік, ҚҚС есебінсіз шарттың сомасы (сома ҚҚС қоспағанда жазу үлгісімен), ҚҚС ерекшелігі, шарттың сомасындағы ҚҚС сомасы (шарттың сомасындағы ҚҚС сомасы жазу үлгісімен)» бюджеттік бағдарламасы бойынша

тіркеуден өткізу керек.

7. Тапсырыс беруші бюджеттік қаражаттың бөлуіне қарай және Шарт күшіне енгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес көлемде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бюджеттік қаражаттың бөлінуіне қарай Мердігер орындаған Жұмыстардың «ақы төлеу шарты» үшін аудару жолымен және бұрын төленген авансты тепе-тең шегере отырып, орындалған Жұмыстарды қабылдап алу-беру актісіне тараптар қол қойғаннан кейін төлейді.

Соманы Тапсырыс беруші бюджеттік қаражаттың бөлінуіне қарай Мердігер орындаған Жұмыстар «ақы төлеу шарты» үшін және орындалған Жұмыстар актісіне Тараптар қол қойғаннан кейін төлейді.

Жұмыстарды қабылдап алу-беру актісінің нысанын Мердігер алдын ала Тапсырыс берушімен келіседі.

8. Орындалатын жұмыстардың көлемі Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген .

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) <қазынашылықтың аумақтық органында тіркелген/қол қойылған> Шарт;

2) орындалған Жұмыстардың актісі;

3) Мердігер тапсырыс берушіге ұсынған төлем шоты.

<N. Жаңа тармақ>

## 4. Тараптардың міндеттемелері

10. Мердігер:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Заңның 8 бабы 8 тармағына сәйкес Мердігер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, Шартқа қол қойған күннен он жұмыс күні ішінде «қамтамасыз ету сомасын» құрайтын (қамтамасыз ету сомасы жазба үлгісінде) Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың сомасынан <3 пайыз көлемінде/ пайызбен аванс> көлемінде төмендегідей түрде Шарттың орындалуын қамтамасыз етілуін енгізуге міндеттенеді:

банк шотына кепілдікті ақшалай жарнасы: № <қала> қаласы бойынша < банктің атауы> банктегі Тапсырыс берушінің кепілді жарнасы үшін шот_депозиттік <БСК> БСК не::

электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу ережесінің 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік кепілдік;[5]

3) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындау кезінде орындалатын Жұмыстардың осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Мердігер тарапынан жұмысқа тартылған персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға міндеттемелерді орындауға қажетті шамада құпия түрде ұсынылуы тиіс;

5) көрсетілген ақпаратты бұл персоналға Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада құпия түрде ұсынуға;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Мердігердің Шарттың талаптарын тиісті деңгейде орындамауымен және/немесе басқа да құқықтық іс-әрекеттерімен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

<n) жаңа тармақша>

11. Тапсырыс беруші міндетіне алады:

1) Жұмыстарды орындау үшін Мердігер мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз ету;

2) Шарттың талаптарына сәйкес Мердігердің Шарт бойынша орындаған жұмыстарын қабылдап алуға және төлеу;

<n) жаңа тармақша>

## 5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі

12. <N. Жаңа тармақ>

## 6. Кепілдік

13. Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жеткізіп берілетін материалдар мен жабдықтардың жақсы сапада және техникалық өзіндік ерекшеліктер және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес болуына, жұмыс оның сапасын жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады. Мердігер (қосалқы Мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе

түзету Мердігер беретін кепілдіктерге кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасының техникалық ерекшеліктерге және/немесе жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келетінін куәландыратын құжаттарды беруге тиіс.

14. Мердігер Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті «кепілдік мерзімі» жыл мерзімге береді.

15. Мердігер орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

16. Мердігер тарапынан Жұмыстарды орындаудың Шартпен белгіленген мерзімдері бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды тоқтатуға құқылы.

17. Форс-мажорлық жағдайларды есептемегенде, Өнім беруші Шартпен қаралған мерзімдерде Жұмыстарды орындай алмайтын болса, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына залал келтірмей Шарттың шеңберінде мерзімі кешіктірілген әр күн үшін өнім беруші міндеттемені орындамаған жағдайда шарттың соммасынан 0,1 (нөл бүтін бір) пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіреді немесе мерзімі кешіктірілген әр күн үшін тиісті түрде орындалмаған міндеттеменің сомасына 0,1 (нөл бүтін бір) пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіреді.

18. Тұрақсыздықты төлеу Мердігерді Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындаудан босатпайды.

19. Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кесетіс, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Мердігердің түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Мердігер Тапсырыс берушіден өзгерістер

туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

20. Мердігер Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай немесе ішінара табыстамауы тиіс.

21. Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарт аясында жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынуы тиіс. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

22. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

23. <N. Жаңа тармақ>

## 8. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

24. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін/қол қойған күннен бастап күшіне енеді және «жыл» жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болады.

25. Егер басқа тарап Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратын Шарттың талаптарын едәуір бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Мердігер Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын едәуір бұзу мынаны қамтиды, бірақ санамаланғанмен шектеліп қалмайды:

1) егер Мердігер жұмыстар кестесін орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер Тапсырыс берушінің тоқтатуға рұқсатын алмай «күн саны» күнге дейін жұмысты тоқтата тұрса;

3) Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген негізді уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстар барысын кідіртуге нұсқама берсе, және осындай нұсқама «күн саны» күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Тапсырыс беруші Мердігерге Тапсырыс берушінің Техникалық бақылаушысы растаған соманы сома расталған күннен кейінгі «күн саны» күн ішінде төлемесе;

7) Мердігер жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген

жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса.

26. Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады.

27. Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Объектіден машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды және Объектіні консервациялау құнын төлейді.

28. Жоғарыда санамаланған жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

29. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылады:

1) Заңның 6-бабында қарастырылған шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге Заңда қарастырылмаған ықпал етулер көрсетсе;

30. Егер Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатып, Объектіні консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс беруші тапсыруды қамтамасыз етеді.

31. Егер Мердігердің Шарт талаптарын едәуір бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

32. Шартты тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

## 9. Форс-мажор

33. Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар, эпидемия, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, сондай-ақ осы Шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындауға бөгет болатын заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық оқиғалар туындаған жағдайда, өзінің міндетіне алғандарды орындау үшін жауапкершіліктен босатылады. Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Оған қоса тарап форс-мажорлық оқиғалардың туындауы туралы жазбаша түрде ескертуі тиіс. Олай болмаған жағдайда бұл оқиғаға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

34. Форс-мажорлық оқиғалар кезінде басқа тараптың өзінің міндеттемелерін

орындамауынан шығын тартқан тарап одан осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне тигізген әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық дәлелдерді алуға құқығы бар.

35. Форс-мажор оқиғасы кезінде Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтатады.

36. Егер форс-мажорлық оқиға Шарттың орындалуын бұзатын болса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

## 10. Даулы мәселелерді шешу

37. Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

38. Егер осындай ресми емес келіссөздер басталғанынан 21 (жиырма бір) күн ішінде Шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Өнім беруші бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етуі мүмкін.

## 11. Хабарлама

39. Бір тарап екінші тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама Шартқа сәйкес кейін түпнұсқаның ұсынылуымен хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

40. Күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

## 12. Басқа да шарттар

41. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуі тиіс.

42. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша жасалса және Тараптардың құзыретті өкілдері қол қойса және мөрмен бекітілсе

ғана күші бар есептеледі.

43. Өнім жеткізушінің таңдауы үшін негіз болып табылатын сапаның өзгермеуі мен басқа жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге болады:

1) жұмыстардың құнын және сәйкесінше шарттың сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісім бойынша;

2) мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қабылданған бұндай өзгерістердің сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса шарттың сомасын көбейту бөлігінде;

3) осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген жұмыс бірлігінің құны өзгермеген жағдайда, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстардан басқа сатып алынатын жұмыстар көлемінің қажеттілігін азайтумен немесе арттырумен байланысты шарттың сомасын азайту немесе көбейту бөлігінде. Осы жұмыстарды сатып алу үшін мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында қарастырылған сомалар шегінде жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты өзгертуге болады.

4) Қазақстан Республикасының салық, кеден және басқа да заңнамасының өзгеруінен болған келесі жылы (жылдары) аяқталу мерзімімен жұмысты орындауға шарттың сомасын азайту немесе арттыру бөлігінде;

5) келесі жылы (жылдары) аяқталу мерзімімен жұмысты орындауға шарттың сомасын азайту бөлігінде;

6) жасалған шарттың сомасы өзгермесе немесе жұмыстардың сметалық құны азаймаса және сәйкес өзгерістер одан кейін мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға енгізілсе мемлекеттік бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыруды өзгерту жағдайында жұмыстарды орындау туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

7) тапсырыс берушінің және (немесе) өнім жеткізушінің лауазымдық тұлғасына қатысты шартты орындамауға байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда жұмыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде.

44. Шарт бойынша бір Тарап міндеттемелерді екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана бере алады.

45. Шарт бірдей заңдық күші бар «дана саны» данада, қазақ және орыс тілдерінде әр Тарап үшін бір данадан жасалды

46. Шартпен реттелемеген бөліктерде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа алады.

## 13. Тараптардың деректемелері

| | |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Тапсырыс беруші:<br>< Тапсырыс берушінің толық атауы><br>< Тапсырыс берушінің нақты толық мекенжайы><br>Тапсырыс берушінің БСН <БСН><br>Тапсырыс берушінің БСН <БСН ><br>Тапсырыс берушінің ЖСК <ЖСК><br><Банктің атауы><br>Тел.: <Тапсырыс берушінің телефоны ><br><Тапсырыс берушінің лауазымы><br><Тапсырыс берушінің ТАӘ> | Өнім беруші:<br><Өнім берушінің толық атауы><br><Өнім берушінің нақты толық мекенжайы><br>Өнім берушінің БСН/ЖСН/ТЕН<br>Өнім берушінің БСН><br>Өнім берушінің ЖСК><br><Банктің атауы><br>Тел.: <Өнім берушінің телефоны><br><Өнім берушінің лауазымы><br><Өнім берушінің ТАӘ > |

Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларына
21-қосымша

## Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт

<Сәйкестендіру нөмірі > <шарт карточкасының нөмірі>
<Тапсырыс берушінің өңірі> № <шарттың нөмірі> <шарттың күні>

«Тапсырыс берушінің лауазымы» тұлғасынан әрекет ететін тапсырыс беруші деп аталатын тапсырыс берушінің толық атауы> «Тапсырыс берушінің негіздемесі» негізінде әрекет ететін тапсырыс берушінің ТАӘ> бір тараптан және «Өнім берушінің лауазымы» атынан әрекет ететін бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын «Өнім берушінің толық атауы» > екінші тараптан «Өнім берушінің негіздемесі» негізінде әрекет ететін Өнім берушінің ТАӘ, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «қорытындылардың күні» № « қорытындылардың нөмірі» «сатып алу тәсілі» мемлекеттік сатып алудың қорытындыларын бекіту туралы шешімнің негізінде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі келісімге келді:

## 1. Шарттың мәні

1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа-қосымшаларға сәйкес (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметтер) қызметтерді көрсетуге, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілетін қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Төменде келтірілген құжаттар мен онда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;
2) сатып алынатын көрсетілетін қызметтер тізбесі (1-қосымша);
3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

## 2. Шарттың құны және ақы төлеу шарттары

3. Шарттың жалпы сомасы «шарттың сомасы» (сома жазу үлгісімен) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығындар , сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған барлық салықтар мен алымдар, соның ішінде ҚҚС/ҚҚС есебінсіз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) енеді.
4. Қазынашылықтың аумақтық органында Шартты «бағдарлама», «қосымша бағдарлама, ерекшелік, ҚҚС есебінсіз шарттың сомасы (сома ҚҚС қоспағанда жазу үлгісімен), ҚҚС ерекшелігі, шарттың сомасындағы ҚҚС сомасы (шарттың сомасындағы ҚҚС сомасы жазу үлгісімен)» бюджеттік бағдарламасы бойынша тіркеуден өткізу керек.
5. Тапсырыс беруші бюджеттік қаражаттың бөлуіне қарай және Шарт күшіне енгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес көлемде аванстық төлем жүргізеді.
Қалған соманы Тапсырыс беруші бюджеттік қаражаттың бөлінуіне қарай Мердігер орындаған Жұмыстардың «ақы төлеу шарты» үшін аудару жолымен және бұрын төленген авансты тепе-тең шегере отырып, орындалған Жұмыстарды қабылдап алу-беру актісіне тараптар қол қойғаннан кейін төлейді.
6. Соманы Тапсырыс беруші бюджеттік қаражаттың бөлінуіне қарай Мердігер орындаған Жұмыстар «ақы төлеу шарты» үшін және орындалған Жұмыстар актісіне Тараптар қол қойғаннан кейін төлейді.
Жұмыстарды қабылдап алу-беру актісінің нысанын Мердігер алдын ала Тапсырыс берушімен келіседі.
7. Орындалатын жұмыстардың көлемі Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген .
8. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:
1) қазынашылықтың аумақтық органында тіркелген/қол қойылған Шарт;
2) орындалған Жұмыстардың актісі;
3) Мердігер тапсырыс берушіге ұсынған төлем шоты.
9. <N. Жаңа тармақ>

## 3. Тараптардың міндеттемелері

10. Мердігер мыналарға:
1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Заңның 8-бабының 8-тармағына сәйкес Мердігер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, Шартқа қол қойған күннен он жұмыс күні ішінде «қамтамасыз ету сомасын» құрайтын (қамтамасыз ету сомасы жазба үлгісінде) Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың сомасынан 3 пайыз көлемінде/ пайызбен аванс көлемінде төмендегідей түрде Шарттың орындалуын қамтамасыз етілуін енгізуге міндеттенеді:

банк шотына кепілдікті ақшалай жарнасы: № «қала» қаласы бойынша «БСН» БСН «банктің атауы» Тапсырыс берушінің кепілдікті жарнасы үшін шот немесе:

электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларының 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік кепілдік;[1]

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа (техникалық ерекшелік) 2-қосымшасында көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Мердігер тарапынан жұмысқа тартылған персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға міндеттемелерді орындауға қажетті шамада құпия түрде ұсынылуы тиіс;

5) көрсетілген ақпаратты бұл персоналға Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада құпия түрде ұсынуға;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Мердігердің Шарттың талаптарын тиісті деңгейде орындамауымен және/ немесе басқа да құқықсық іс-әрекеттерімен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

<n) жаңа тармақша>

11. Тапсырыс беруші міндетіне алады:

1) Қызметтерді көрсету үшін Мердігер мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз ету;

2) Шарттың талаптарына сәйкес Мердігердің Шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдап алуға және төлеу;

<n) жаңа тармақша>

## 4. Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

12. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шарттың 2-қосымшасы) көрсетілген талаптарға сәйкестілік затына бақылау мен тексеруді өткізуге құқылы. Сонда осы тексерістер бойынша барлық шығындарды Өнім беруші өтейді. Тапсырыс беруші жазбаша түрде және уақытылы Өнім берушіге осы мақсаттарға анықталған өз өкілдері жайлы хабарлауы тиіс.

13. Берілген Шарт шегінде жеткізілетін Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы қажет.

14. Егер тексеріс кезінде Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің ( Шарттың 2-қосымшасы) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан еш қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеріс сәтінен < сәйкессіздіктерді жою мерзімі> ішінде қолданады.

15. Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттерден босатпайды.

## 5. Қызметтерді көрсету және құжаттама

16. Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

17. Көрсетілген қызметтерді есептеу үшін Өнім беруші мынадай құжаттарды ұсынуы керек:

18. құны мен әр қызметтің толық мәліметімен екі данада көрсетілген Қызметтер актілері;

19. көрсетілген Қызметтердің жалпы сомасы, бірлік бағасы, санын көрсете отырып сипаттайтын шот-фактура;

20. <n) жаңа тармақ >

## 6. Кепілдік

21. Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақытылы Қызмет көрсетуді кепілдік етеді.

22. Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) Қызметтерінің қателерін, жете өңдеулері мен басқа сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуді кепілдендіреді.

23. Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауы міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығындармен бірге, ақаулықтарды жою бойынша шараларды Тапсырыс беруші хабарламасында көрсеткен мерзім ішінде қолдануы қажет.

24. Егер Өнім беруші, хабарламаны алып, ақаулықтарды жою бойынша шараларды уақытылы қолданбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, қажетті ықпалшаралар мен ақаулықтарды жою бойынша шараларды Өнім беруші есебінен қолдануға құқылы.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

25. Мердігер тарапынан Жұмыстарды орындаудың Шартпен белгіленген мерзімдері бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды тоқтатуға құқылы.

26. Форс-мажорлық жағдайларды есептемегенде, Өнім беруші Шартпен қаралған мерзімдерде Қызметті көрсете алмайтын болса, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына залал келтірмей Шарттың шеңберінде мерзімі кешіктірілген әр күн үшін өнім беруші міндеттемені орындамаған жағдайда шарттың соммасынан 0,1 (нөл бүтін бір) пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ( айыппұл, өсімақы) өндіреді немесе мерзімі кешіктірілген әр күн үшін тиісті түрде орындалмаған міндеттеменің сомасына 0,1 (нөл бүтін бір) пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіреді.

27. Тұрақсыздық айыбын төлеу Мердігерді Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындаудан босатпайды.

28. Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кесетіс, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Мердігердің түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Мердігер Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

29. Мердігер Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай немесе ішінара табыстамауы тиіс.

30. Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарт аясында жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынуы тиіс. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

31. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

## 8. Шарттың күшінде болу мерзімі және бұзу талаптары

32. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін/қол қойған күннен бастап күшіне енеді және «жыл» жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болады.

<N. Жаңа тармақ>

33. Тапсырыс беруші кез келген уақытта біржақты ретте егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болып қалған жағдайда, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп Шарттың талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмесе немесе артынан Тапсырыс берушіге қойылатын санкцияларды қолдану немесе әрекеттерді жасауға қандай-да бір құқықтарға тиіспесе, Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттілікті көтермейді.

34. Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады.

35. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

36. Қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші Шарт талаптарын бұзғаны үшін, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші Тауарды Шарттар көзделген мерзімде немесе Тапсырыс берген Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса осы Шартты бұза алады.

37. Мемлекеттік сатып алу туралы Шарты Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда, сондай-ақ Заңмен қарастырылған Өнім берушіге қолдау көрсетудің мемлекеттік сатып алу ұйымдастырушысымен көрсету кез келген кезеңде бұза алады.

38. Шартты тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

## 9. Форс-мажор

39. Тараптар Шарттың талаптарының орындалмауына жауапкершілік көтермейді, егер ол форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

40. Өнім беруші Шарт орындалуының өз қамтамасыз етілуінен айырылмайды

және айып төлем өтеу үшін немесе Шарттың талаптарын орындамау себебінен оны бұзу үшін жауапты болмайды, егер Шарт орындау бойынша кідіріс форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

41. Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптар бақылауымен биленбейтін және күтпеген мінезге ие оқиғаны білдіреді. Ондай оқиғалар мынадайлерді қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе стихиялық апаттар және басқалар.

42. Форс-мажорлық жағдайлардың пайда болуы кезінде Өнім беруші Тапсырыс берушіге ондай жағдайлар мен себептері туралы жазбаша хабарламаны жедел жіберуі тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға байланысты емес, Шартты орындаудың баламалы әдістерін іздейді.

## 10. Даулы мәселелерді шешу

43. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді тікелей келіссөз жүргізу барысында шешу үшін барлық күштерін салулары тиіс.

44. Егер осындай келіссөз басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша мәселені шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап ете алады.

## 11. Хабарлама

45. Шартқа сәйкес бір жақ екінші жаққа жіберген кез келген хабарлама мынадайде түпнұсқасын ұсынумен, хат, телеграмма, телекс немесе факс арқылы жіберіледі.

46. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күнінен ( хабарламада көрсетілсе) бастап, осы екі мерзімнің қайсысы кеш келетініне байланысты өз күшіне енеді.

## 12. Басқа да шарттар

47. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

48. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар тек олар жазбаша нұсқада және Тараптардың осыған өкілетті өкілдері қол қойған және олардың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана шынайы деп танылады.

49. Мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан Шартқа өзгерістерді сапасын өзгертпеу және өнім беруші таңдауының негізгі басқа жағдайларында:

1) жеткізілетін Қызметтер көлемінде қажеттіліктің ұлғаюы немесе азаюымен байланысқан Шарт соммасының ұлғаюы немесе азаюы бөлігінде, Шартта белгіленген Қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермеу шартын орындау бөлігінде ;

2) Тараптардың өзара келісуімен Қызметтер үшін бағаның төмендеуі және сәйкесінше Шарт соммасының төмендеу бөлігінде енгізуге рұқсат етіледі.

50. Тараптардың біреуімен Шарт бойынша міндеттерін тапсыру тек басқа Жақтың жазбаша рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

51. Шарт бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде екі нұсқада құрастырылған, әр Жақ үшін бір нұсқадан.

52. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сүйенеді.

## 13. Тараптардың деректемелері

| | |
|---|---|
| Тапсырыс беруші: | Өнім беруші: |
| < Тапсырыс берушінің толық атауы> | <Өнім берушінің толық атауы> |
| < Тапсырыс берушінің нақты толық мекенжайы> | <Өнім берушінің нақты толық мекенжайы> |
| Тапсырыс берушінің БСН <БСН> | Өнім берушінің БСН/ЖСН/ТЕН |
| Тапсырыс берушінің БСН <БСН> | Өнім берушінің БСН> |
| Тапсырыс берушінің ЖСК <ЖСК> | Өнім берушінің ЖСК> |
| <Банктің атауы> | <Банктің атауы> |
| Тел.: <Тапсырыс берушінің телефоны > | Тел.: <Өнім берушінің телефоны> |
| <Тапсырыс берушінің лауазымы> | <Өнім берушінің лауазымы> |
| <Тапсырыс берушінің ТАӘ> | <Өнім берушінің ТАӘ > |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК